

ШЫҒЫС ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСЫ БІЛІМ БАСҚАРМАСЫНЫҢ
«БИЗНЕС ЖӘНЕ СЕРВИС КОЛЛЕДЖІ»
КОММУНАЛДЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК ҚАЗЫНАЛЫҚ КӘСПОРЫНЫ



**04110100 «ЕСЕП ЖӘНЕ АУДИТ»
МАМАНДЫҒЫНА АРНАЛҒАН
«БУХГАЛТЕРЛІК ЕСЕП НЕГІЗДЕРІ» ЖӘНЕ
«ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕП» ПӘНДЕРІНЕН
ӘДІСТЕМЕЛІК ҚҰРАЛ**

Құрастырушылар:

Разбекова Жұлдыз Женисовна

Какимова Динара Болатбековна

Семей қ, 2022 ж.

Әдістемелік құрал "Бизнес және сервис колледжі" КМҚК әдістемелік кеңесінде қаралып, техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарына ұсынылды.

Рецензенттер:

Турсынгазина Динара Сериккуловна - "Есеп және экономика" ОӘБ төрайымы, Семей қаласы, "Рымбек Байсейітов атындағы Семей қаржы-экономикалық колледжі" КМҚК арнайы пәндер оқытушысы.

Турсунбаева Алия Кабкеновна – Семей қаласы, «Бизнес және сервис колледжі» КМҚК директордың оқу-өндірістік жұмысы жөніндегі орынбасары.

Құрастырушылар:

Разбекова Ж. («Бухгалтерлік есеп негіздері» пәні оқытушысы)

Какимова Д. («Қаржылық есеп» пәні оқытушысы)

«Есеп және аудит» мамандығына арналған студенттерді тәжірибелік сабаққа дайындау бойынша оқытушыларға арналған әдістемелік құрал. Тақырыбы: «Бухгалтерлік есеп негіздері» және «Қаржылық есеп» пәндерінен әдістемелік құрал.

Бұл әдістемелік құрал 0518000 «Есеп және аудит» мамандығы бойынша «Бухгалтерлік есеп негіздері» және «Қаржылық есеп» пәндерінен берілген тапсырмалардың ерекшеліктерін ескере отырып, пәнді тәжірибелік тұрғыдан неғұрлым қолжетімді зерделеуге арналған.

**04110100 «Есеп және аудит» мамандығына арналған
«Бухгалтерлік есеп негіздері» және «Қаржылық есеп»
пәндерінен әдістемелік құралына
РЕЦЕНЗИЯ**

Оқу орны: Шығыс Қазақстан облысының білім беру басқармасы «Бизнес және сервис колледжі» КМҚК.

Авторлар: «Бизнес және сервис колледжі» КМҚК-нің колледж арнайы пәндер оқытушылары Какимова Динара Болатбековна, Разбекова Жұлдыз Женисовна.

Тақырыбы: 0518000 «Есеп және аудит» мамандығына арналған «Бухгалтерлік есеп негіздері» және «Қаржылық есеп» пәндерінен әдістемелік құрал

1. Жұмыс жүйесінің өзектілігі:

Колледж студенттерінің «Есеп және аудит» мамандығы бойынша теориялық білімдерін тереңдету, тәжірибелік дағдыларын қалыптастыру мақсатында дайындалған, оқу құралы оқытушыларды қажетті материалдармен қамтамасыз етеді.

Оқу құралында «Бухгалтерлік есеп негіздері», «Қаржылық есеп» пәндері бойынша тақырыптар қарастырылған, сондай-ақ, әр тапсырманың орындау жолдары, шешімі берілген.

Оқу құралында аталған пәндердің тақырыптары бойынша есептер, тест сұрақтары, карточкалар, кәсіпорын бухгалтериясының есептік жұмысы бойынша типтік операциялардың мазмұны, бухгалтерлік құжаттарды рәсімдеу бойынша деректемелер, кестелер, стратегиялар және ситуациялық жаттығулар берілген.

Қарастырылған тапсырмалар студенттердің кәсіпорындар мен ұйымдарда бухгалтерлік қаржылық есеп жүргізу бойынша тәжірибелік дағдыларын қалыптастыруға көмектеседі.

Оқу құралында бухгалтерлік есеп саласындағы нормативтік-құқықтық база пайдаланылған, берілген материалдардың толық, барлық қажетті талаптарға жауап береді және "Есеп және аудит" мамандығы бойынша техникалық және кәсіптік білім беру ұйымындағы оқытушыларға арналған әдістемелік көмек ретінде ұсынылады.

2. Жұмыс жүйесінің ғылыми-әдістемелік деңгейі:

Кәсіптік білім беру ұйымдарындағы бухгалтерлік есеп негіздері мен қаржылық есеп пәндерінен тәжірибелік тапсырмалар жинағын эксперттік кеңеске ұсынып, тәжірибеге енгізу.

3. Жұмыс жүйесінің жаңашылдық дәрежесі, білім беру жүйесінде аналогтардың болуы немесе болмауы

Оқу құралында ресми интернет-сайттарында көпшілікке қол жетімді ресурстар (кестелер, нормативті құжаттар, бухгалтерлік бланкілерге сілтемелер және т.б.) пайдаланылды.

4. Жұмыс жүйесінің әдіснамалық негізінің ішкі бірлігі мен сипаттамаларын бағалау

Тәжірибелік жұмыс материалдарды берудегі мақсат - пән оқытушыларының тәжірибелік сабақтарына әдістемелік көмек көрсету, білім алушылардың теориялық білім деңгейін нақты көрсету, талдау жасау, нормативтік құжаттармен жұмыс жасауға ықпал ету.

Оқу құралы «Бухгалтерлік есеп негіздері» және «Қаржылық есеп» пәндері бойынша үлгілік оқу бағдарламасы негізінде дайындалған. Бағдарлама 2021 жылы 31 тамызда Бизнес және сервис колледжінің экономика және басқару пәндік циклдық бірлестігінде (хаттама №1) қаралды және мақұлданды.

5. Жұмыс жүйесінің практикалық маңызы.

Оқу құралы студенттердің оқуға деген белсенділігін арттыру, ойлау мүмкіндігін жоғарлатуға, оқытудың қол жетімділігін арттыруға бағытталған. Тәжірибелік материалды игеру барысында білім алушылардың тәжірибелік дағды белсенділігін арттыратын міндеттер көрсетілген.

6. Жинақтың талаптарға сәйкестігі. Жұмыс жүйесінің мазмұнына қатысты кемшіліктер мен түсініктемелер:

Оқу құралында тапсырмалардың орындау жолы, дұрыс жауабы, шоттар корреспонденциясының кестесі, тест сұрақтары мен жауаптары кері байланыс ретінде берілген.

7. Жұмыс жүйесін пайдалану бойынша қорытындылар мен ұсыныстар:


Оқу құралында ұсынылған тәжірибелік сабақтар тапсырмалары - оқытушыларға әдістемелік көмек құралы ретінде құрастырылған, білім алушының қажеттілігі мен мүмкіндігін есепке ала отырып, тапсырмаларға толықтырулар мен өзгерістер енгізуге болады.

Оқу құралы колледждің «Есеп және аудит» мамандығы бойынша қазақ тілінде білім беретін арнайы пән оқытушыларына арналған.

«Есеп және аудит» мамандығы бойынша дайындалған әдістемелік оқу құралы облыстық кәсіптік және техникалық білім беру орталығының эксперттік комиссиясына қарастыруға ұсынылады.

Рецензент «Қазақ инновациялық гуманитарлық заң университеті» PhD докторы, «Бизнес және басқару» кафедрасының доцентінің міндетін атқарушы

« 24 » қаңтар 2022 ж



Аманбаева А.А.

Қолын растаймын / Удостоверяю подпись		
Аманбаева А.А.		
КАДР БӨЛІМІ		
24	01	2022 ж.г.

Инспектор А.А. Шаденова



**0518000 «Есеп және аудит» мамандығына арналған «Бухгалтерлік есеп негіздері» және «Қаржылық есеп» пәндерінен әдістемелік құралына
РЕЦЕНЗИЯ**

Оқу орны: Шығыс Қазақстан облысының білім беру басқармасы «Бизнес және сервис колледжі» КМҚК.

Авторлар: «Бизнес және сервис колледжі» КМҚК-нің колледж арнайы пәндер оқытушылары Какимова Динара Болатбековна, Разбекова Жұлдыз Женисовна.

Тақырыбы: 0518000 «Есеп және аудит» мамандығына арналған «Бухгалтерлік есеп негіздері» және «Қаржылық есеп» пәндерінен әдістемелік құрал

1. Жұмыс жүйесінің өзектілігі:

Колледж студенттерінің «Есеп және аудит» мамандығы бойынша теориялық білімдерін тереңдету, тәжірибелік дағдыларын қалыптастыру мақсатында дайындалған оқу құралы оқытушыларды қажетті материалдармен қамтамасыз етеді.

Оқу құралында «Бухгалтерлік есеп негіздері», «Қаржылық есеп» пәндері бойынша тақырыптар қарастырылған, сондай-ақ, әр тапсырманың орындау жолдары, шешімі берілген.

Оқу құралында аталған пәндердің тақырыптары бойынша есептер, тест сұрақтары, карточкалар, кәсіпорын бухгалтериясының есептік жұмысы бойынша типтік операциялардың мазмұны, бухгалтерлік құжаттарды рәсімдеу бойынша деректемелер, кестелер, стратегиялар және ситуациялық жаттығулар берілген.

Қарастырылған тапсырмалар студенттердің кәсіпорындар мен ұйымдарда бухгалтерлік қаржылық есеп жүргізу бойынша тәжірибелік дағдыларын қалыптастыруға көмектеседі.

Оқу құралында бухгалтерлік есеп саласындағы нормативтік-құқықтық база пайдаланылған, берілген материалдардың толық, барлық қажетті талаптарға жауап береді және "Есеп және аудит" мамандығы бойынша техникалық және кәсіптік білім беру ұйымындағы оқытушыларға арналған әдістемелік көмек ретінде ұсынылады.

2. Жұмыс жүйесінің ғылыми-әдістемелік деңгейі:

Кәсіптік білім беру ұйымдарындағы бухгалтерлік есеп негіздері мен қаржылық есеп пәндерінен тәжірибелік тапсырмалар жинағын эксперттік кеңеске ұсынып, тәжірибеге енгізу.

3. Жұмыс жүйесінің жаңашылдық дәрежесі, білім беру жүйесінде аналогтардың болуы немесе болмауы

Оқу құралында ресми интернет-сайттарында көпшілікке қол жетімді ресурстар (кестелер, нормативті құжаттар, бухгалтерлік бланкілерге сілтемелер және т.б.) пайдаланылды.

4. Жұмыс жүйесінің әдіснамалық негізінің ішкі бірлігі мен сипаттамаларын бағалау

Тәжірибелік жұмыс материалдарды берудегі мақсат - пән оқытушыларының тәжірибелік сабақтарына әдістемелік көмек көрсету, білім алушылардың теориялық білім деңгейін нақты көрсету, талдау жасау, нормативтік құжаттармен жұмыс жасауға ықпал ету.

Оқу құралы «Бухгалтерлік есеп негіздері» және «Қаржылық есеп» пәндері бойынша үлгілік оқу бағдарламасы негізінде дайындалған. Бағдарлама 2021 жылы 31 тамызда Бизнес және сервис колледжінің экономика және басқару пәндік цикльдық бірлестігінде (хаттама №1) қаралды және мақұлданды.

5. Жұмыс жүйесінің практикалық маңызы.

Оқу құралы студенттердің оқуға деген белсенділігін арттыру, ойлау мүмкіндігін жоғарлатуға, оқығудың қол жетімділігін арттыруға бағытталған. Тәжірибелік материалды игеру барысында білім алушылардың тәжірибелік дағды белсенділігін арттыратын міндеттер көрсетілген.

6. Жинақтың талаптарға сәйкестігі. Жұмыс жүйесінің мазмұнына қатысты кемшіліктер мен түсініктемелер:

Оқу құралындағы тараулар, тақырыптар «Бухгалтерлік есеп негіздері» және «Қаржылық есеп» пәндері бойынша үлгілік оқу бағдарламасы негізінде жасалған. Бағдарлама 2021 жылы 31 тамызда Бизнес және сервис колледжінің экономика және басқару пәндік циклдық бірлестігінде (хаттама №1) қаралды және мақұлданды.

5. Жұмыс жүйесінің практикалық маңызы.

Оқу құралы оқытудың қол жетімділігін арттыруға арналған. Студенттердің оқуға деген белсенділігін арттыру, ойлауға мүмкіндігін жоғарлатуға бағытталған. Тәжірибелік материалды игеру барысында білім алушылардың тәжірибелік дағды белсенділігін арттыратын міндеттер айқындалған.

6. Жинақтың талаптарға сәйкестігі. Жұмыс жүйесінің мазмұнына қатысты кемшіліктер мен түсініктемелер:

Оқу құралында тапсырмалардың орындау жолы, дұрыс шешімі, шоттар корреспонденциясының кестесі, тест сұрақтары мен жауаптары кері байланыс ретінде берілген.


7. Жұмыс жүйесін пайдалану бойынша қорытындылар мен ұсыныстар:

Аталған оқу құралы- тәжірибелік тапсырмалар жинағы білім беру мазмұнын жанарту аясында оқытушыларға әдістемелік көмек құралы ретінде құрастырылған. Оқу құралында ұсынылған тәжірибелік тапсырмалар білім алушының қажеттілігі мен мүмкіндігін есепке ала отырып, тапсырмаларға толықтырулар мен өзгерістер енгізуге, бейімдеуге мүмкіндік береді.

Оқу құралы колледждердің есеп және аудит мамандығы бойынша арнайы пән оқытушыларына және басқа да мүдделі тұлғаларға арналған. Оқу құралын дайындау барысында ресурстар (кестелер, есептер, карточкалар, ситуациялық жаттығулар, материалдар, т.б.) қолжетімді ресми интернет-сайттардан алынды.

0518000 «Есеп және аудит» мамандығына арналған «Бухгалтерлік есеп негіздері» және «Қаржылық есеп» пәндерінен әдістемелік құралы облыстық кәсіптік және техникалық білім беру орталығының эксперттік комиссиясына қарастыруға ұсынылады.

Рецензент Экономикалық
бағыт бойынша
облыстық әдістемелік
бірлестігі төрайымы

 Турсынгазина Д. С.

« 21 » 02 20 22 ж

МАЗМҰНЫ

<u>Глоссарий</u>	9
<u>Кіріспе</u>	14
1. «Бухгалтерлік есеп негіздері» пәнінен тақырыптар	
<u>1.1 Шаруашылық есептің пайда болуы, оның түрлері. Кәсіпорын құралдарын жіктеу.</u>	15
<u>1.2 Кәсіпорын құралдарының құрамы және орналастырылуы бойынша жіктеу.</u>	18
<u>1.3 Кәсіпорын құралдарын құрамы және орналастырылуы және құрылу көздері</u>	21
<u>1.4 Ұйым мүлкін қалыптастыру көздері бойынша топтастыру</u>	23
<u>1.5 Қаржылық есеп пәнінің мазұны, қаржылық есеп әдісінің түсінігі.</u>	24
<u>1.6 Бухгалтерлік балансты құру</u>	28
<u>1.7 Бухгалтерлік баланстың түсінігі, құрылымы, мазмұны</u>	29
<u>1.8 Баланстың өзгерісінің типтері.</u>	33
<u>1.9 Бухгалтерлік шоттарды ашу.</u>	37
<u>1.10 Шоттар бойынша операциялар жазу.</u>	40
<u>1.11 Бухгалтерлік шоттарды жабу.</u>	42
<u>1.12 Шоттардың құрылуы мен мазмұны. Екі жақты жазу</u>	46
<u>1.13 Жинақтау шоттарын ашу</u>	47
<u>1.14 Жинақтау және талдау шоттары және олардың өзара байланыстары.</u>	51
<u>1.15 Айналым ведомостары</u>	55
<u>1.16 Жинақтау шоттары бойынша айналым ведомостарын құру</u>	58
<u>1.17 Талдау шоттары бойынша айналым ведомосын құруға</u>	60
<u>1.18 Шоттардың жіктелу қағидалары. Шоттарды экономикалық мазмұны</u>	63
<u>1.19 Дайындау процессінің есебі</u>	66
<u>1.20 Өндіріс процессінің есебі.</u>	68
<u>1.21 Сату процесінің есебі.</u>	69
<u>1.22 Шоттардың мақсаты мен құрылымы бойынша жіктеу. Шаруашылық процестері.</u>	71
<u>1.23 Құжаттардың жіктелуі, бухгалтерлік өңдеуі, тексеру. Құжат айналымы.</u>	73
<u>1.24 ҚҰЖАТТАРДЫ ТОЛТЫРУ, ТЕКСЕРУ ЖӘНЕ ӨНДЕУ.</u>	79
<u>1.25 Түгендеу, оның маңызы, түгендеу түрлері, жүргізу және рәсімдеу тәртібі</u>	80
2. «Қаржылық есеп» пәнінен тақырыптар	
<u>2.1 Ақшалай қаражаттар, есеп айырысу және несиелік қатынастар есебі</u>	84
<u>2.2 Есеп беруге тиісті адамдармен есеп айырысу есебі</u>	94
<u>2.3 Негізгі құралдар мен материалдық емес активтер есебі</u>	98

2.4 Тауарлы-материалдық қорлар есебі	109
2.5 Еңбек және оның төлемақысының есебі	119
2.6 Өндіріс шығындарының есебі және өнімнің өзіндік құнының калькуляциясы	122
2.7 Дайын өнім және оны сату есебі	128
2.8 Қаржылық нәтиже және меншікті капитал есебі	131
2.9 Тест тапсырмалары	135
Пайдаланылған әдебиеттер	149

Глоссарий

Активтік операциялар – бұл банктердің табыс алу және өзінің өтімділігін қамтамасыз ету мақсатында иелігінде бар ресурстарды орналастыруды жүзеге асыратын операциялар.

Ақша – барлық тауарлардың құнын өлшейтін, жалпыға балама айрықша тауар.

Ақша қаражаты – бұл кәсіпорынның кассасындағы қолма-қол ақша қаражаттарының сомасы, банктердегі есеп айырысу шотындағы, валюталық шоттағы және өзге шоттардағы ақша қаражаттары, бағалы қағаздар (акциялар, облигациялар, жинақ ақша сертификаттары, вексельдер) және кәсіпорынның өзге де ақша қаражаттары.

Арнайы құжаттар – бұл халық шаруашылығының жекелеген салаларында қолданылатын құжаттар. Оған атқарылған жұмыстарды қабылдау актісі, жолдама қағаздар және т.б. жатады.

Амортизациялық құн – дегеніміз бастапқы құн мен жою құнының арасындағы айырмашылық.

Ағымдағы активтер - өңдеу және сату мерзімдеріне қарамастан тауарлы-материалдық қорлар (шикізат қалдығы, негізгі және көмекші материалдар, отын, сатып алынатын жартылай фабрикаттар, қосалқы бөлшектер).

Бухгалтерлік есеп концепциялары: кәсіпорын қаржы есептілігін жүргізу мақсаты, бухгалтерлік есеп ақпараттарының сапалық сипаттамасы, қаржы есептілік элементтері, өлшеу критерийлері мен басқа да принциптер.

Банктік несие – бұл банктік мекемелерден қарыз алушыларға ақшалай түрде берілетін несие.

Бастапқы құжат – бұл шаруашылық операциясы орындалған сәтте жасалатын және болған фактілерді алғаш куәландыратын бухгалтерлік құжат.

Бөлінбеген пайда – акциялар бойынша дивидендті төлегеннен кейін және резервтік қорға аударғаннан қалған пайданың бөлігі.

Бухгалтерлік есеп – басқарудың аса маңызды функцияларының бірі. Нарықтық экономикасы дамыған елдерде оны бизнестің, кәсіпкерліктің тілі деп санайды.

Бағалау – бұл натуралды көрсеткіштерді ақшалай көрсеткіштерге аударудың әдісі. Мұның өзі шаруашылық қорлар мен олардың қорлану көздері туралы жалпылама деректерді алу үшін бухгалтерлік есепте ақшалай көрсеткіштерді міндетті түрде пайдаланумен байланысты болып отыр.

Бухгалтерлік баланс – кәсіпорынның мүлкі мен олардың пайда болу көздерін ақшалай бағамен белгілі бір күнге, әдетте айдың 1-күніне экономикалық топтастырудың әдісі.

Баланс – сөзі латын тілінен аударғанда теңдікті, теңдестікті немесе қандай да бір қызметтің тараптары арасындағы қатынастың сандық көрсеткішін білдіреді.

Баланс валютасы – баланстың активі мен пассиві бойынша жиынтықтар болып табылады.

Бухгалтерлік есептің шоттары дегеніміз – шаруашылық қорлары мен олардың көздерін ақшалай бағамен топтастырудың, ағымдағы есепке алудың, бақылаудың және көрсетудің әдісі.

Бірегей құжаттар – бұл халық шаруашылығының барлық салаларында пайдаланылатын құжаттар.

Бухгалтерлік баланстың бабы – кәсіпорын мүлкінің жекелеген түрлерін, оның пайда болу көздерін, міндеттемелерін сипаттайтын баланс активі мен пассивінің көрсеткіші (жолы) деп аталады.

Валюта – бұл біріншіден, сол елдің ақша бірлігі; екіншіден, шетел мемлекеттерінің ақша белгілері; үшіншіден, халықаралық есептесу бірліктері және төлем құралы (СДР, еуро).

Вексель – белгілі бір соманы алдын ала келісілген мерзімде және белгіленген жерде төлейтіндігі туралы борышқордың қарыздық міндеттемесі.

Дебиторлық және кредиторлық берешектердің пайда болу себептері – бұл құндылықтарды алу, қызмет көрсету және т.с.с. мерзімдерінің оларды төлеу мерзімдерімен сәйкес келмеуі.

Дебеттелетін және кредиттелетін шоттарды көрсету – шоттар корреспонденциясы немесе бухгалтерлік жазу (бухгалтерлік жазба) деп, ал шоттар корреспонденцияланатын шоттар деп аталынады.

Деректемелер – бұл құжаттарда көрсетілетін көрсеткіштер. Оны жасалған операциялар деректерінің негізінде толтыру қажет.

Дербес (интеллектуалдық) меншік – бұл әртістердің, орындаушылардың, дыбыс жазушылардың, радио және телебағдарламалардың қызметіне қатысты авторлық құқықты, өнер табысы және патенттік құқыққа, ғылыми жаңалық құқығына, фирмалық атауға және комерциялық белгілеуге теріс ниетті бәсекелестерден қорғаныс және басқа құқықтарға қатысты заңдық ұғым.

Екіжақты жазу – бұл шаруашылық операциясын әр түрлі шоттардың дебети мен кредиті бойынша бірдей сомамен бір мезгілде көрсету әдісі.

Еңбек құралы – бұл еңбектің құрал-сайманы, соның көмегімен адам өндіріс процесінде белгілі бір өнім өндіріп шығару үшін еңбек затына әсер етеді.

Еңбек заттары – адам еңбек процесінде еңбек құралдарының көмегімен әсер ететін заттар.

Есеп айырысудағы қаражат – берілген аванстар бойынша тауарлар, жұмыстар мен қызметтер үшін, алынған вексельдер бойынша дебиторлық берешектер, есеп беретін адамдардағы сомалар.

Екіжақты жазу – шаруашылық операцияларын бухгалтерлік есептің шоттарында тіркеудің әдісі. Бұл әдістің мәні - әрбір шаруашылық операциясы екі рет тең сомамен бір шоттың дебетінде және басқа шоттың кредитінде жазылады.

Есеп беру дегеніміз – кәсіпорынның белгілі бір кезеңіндегі өндірістік шаруашылық және қаржы қызметтерін сипаттайтын көрсеткіштердің арнайы кестелерге топтастырылған жүйесі.

Есеп саясаты – бұл ұйымның есептік нұсқасын, нұсқалар рұқсат еткен есеп объектілерін бағалаудың, сондай-ақ белгіленген нормалардың талаптарына және кәсіпорын қызметінің ерекшеліктеріне орай бухгалтерлік есепті жүргізу мен ұйымдастырудың техникасының нысандарын таңдау.

Еңбекақы – қызметкердің орындаған жұмыс көлемі мен белгіленген еңбек шарты және лауазым нұсқауына байланысты төлем.

Жарғылық капитал – кәсіпорынның құрылтай құжаттарына сәйкес оның меншік иелерінің (қатысушыларының, құрылтайшыларының) салымдары есебінен құралған жарғылық қор.

Жедел – (немесе жедел-техникалық) есеп шаруашылық процестері мен құбылыстарына оларды тікелей жүзеге асыру барысында бақылау жасауға арналған.

Жүйелік жазулар – деректерді экономикалық біртектес объектілер бойынша жүйелендіретін жазу.

Жинақтамалы және талдамалы – бухгалтерлік есептің шоттары болып бөлінеді.

Жинақтамалы шоттар – шаруашылық қорларын немесе олардың көздерін жалпылама түрде көрсетуге арналған шоттар. Осындай шоттармен жүргізілетін есеп жинақтамалы есеп деп аталынады.

«Жалдау міндеттемелері» шоты – негізгі, пассивтік есеп айырысу шоты. Кредиті бойынша кәсіпорынның ұзақ мерзімді жалға алынған НҚ үшін жалға берушіге берешегінің ай басындағы және соңындағы қалдығы көрсетіледі. Жалдау ақысының сомасы ағымдағы ай үшін есептелінеді.

Жалдау – бұл кәсіпорындар мен өзге мүліктік кешендер арасындағы шартқа негізделген түрде жерді, өзге табиғи ресурстарды және жалгердің шаруашылық немесе өзге қызметті өз бетінше жүзеге асыруына қажетті мүліктерді мерзімді, қайтарымды түрде пайдалануы. Жалдау нәтижесінде жалға беруші мен жалгер арасында жалдау шартына негізделген қатынастар пайда болады.

Жалға беруші – жалдау шарты мүлікті жалға беретін меншік иесі. Мүлікті жалға беруге меншік иесі өкілеттік берген органдар мен ұйымдар, сондай-ақ заңды және жеке тұлғалар жалға беруші бола алады.

Жалгер – бұл жалдау шарты бойынша мүлікті жалға алатын заңды немесе жеке тұлға. Заңды және жеке тұлғалар, біріккен кәсіпорындар, шетелдік заңды тұлғалар, халықаралық ұйымдар мен бірлестіктер жалгер болуы мүмкін.

Жалдау шарты – бұл тараптардың еркінділігі мен толық тең құқықтылығы негізінде жасалатын жалдау шартының талаптарына сай мүлікті жалға беру туралы жалгер мен жалға беруші арасындағы келісім. Мүлікті жалға беру меншік құқын беруге әкеп соқтырмайды.

Инвестициялар – кәсіпорынның табысты активтеріне (бағалы қағаздар, акциялар, облигациялар), жарғылық қорына және басқа кәсіпорынға салған ұзақ мерзімді (бір жылдан астам мерзімге) инвестициялары, өзге кәсіпорындарға берілген қарыздар көрсетіледі.

Калькуляция – шығындарды топтастыру мен сатып алынған материалдық құндылықтардың, әзірленген өнімдер мен атқарылған жұмыстардың өзіндік құнын анықтау әдісі. Өнімнің өзіндік құнын калькуляциялау нормативтік құжаттармен реттелінеді.

Қолма-қол ақшаларсыз – чектер, пластикалық карточкалар электрондық аударымдар көмегімен пайдаланылатын клиенттердің шоттардағы сақтаған ақшалары (депозиттер).

Қолма-қол ақшаларсыз есеп айырысу – бұл ақшалай қаражаттарды төлеушілер мен алушылардың шоттарына байланысты жазбаша түрде жасалатын ақшалай есеп айырысулар.

Құжаттау – шаруашылық операцияларды қаражаттардың көмегімен олар жасалған сәтте және сол жерде бастапқы тіркеу. Құжат бухгалтерлік жазбалар үшін міндетті негіз болып саналады.

Қарапайым жазу – бір шоттың дебеті екінші шоттың кредитімен корреспонденцияланатын жазу.

Күрделі жазу – бір шоттың дебеті екі немесе одан да көп шоттардың кредитімен корреспонденцияланатын, бір шоттың кредиті екі немесе одан да көп шоттардың дебетімен корреспонденцияланатын бухгалтерлік жазу.

Көшірмелер – құжаттың барлық деректемелерін қайта шығару.

Қаржылық есеп беру – бұл кәсіпорынның есепті кезеңдегі қаржы шаруашылық қызметіне сипаттама беретін белгілі нысандарға топтастырылған көрсеткіштер жүйесі.

Құнды біркелкі (тікелей) есеппен шығару әдісі – объектінің амортизациялық құны ай сайын бірдей сомамен есептен шығарылады.

Құжаттар – кәсіпорындар мен адамдар арасындағы даулар кезіндегі жазбаша дәлелдеме.

Материалдық емес активтер – бұл құндық бағасы бар бірақ заттай құндылық болып табылмайтын ұзақ мерзімді (бір жылдан астам) салымның объектісі.

Несие – бұл пайыз төлеу және қайтару шартында уақытша пайдалануға (қарызға) берілетін ссудалық капитал қозғалысы.

Өндірістік әдіс – (амортизацияны орындалған жұмыстардың көлеміне үйлесімді есептеу) .

Резервтік капитал – бұл бап бойынша кәсіпорында қалыптасқан резервтік капиталдың қалдығы көрсетіледі.

Түгендеу – мүліктің нақты қолда барын бухгалтерлік есептің деректері бойынша заттай сәйкестігін тексерудің әдісі. Ол бухгалтерлік есеп деректерінің растығы мен кәсіпорын меншігінің сақталуын қамтамасыз ету мақсатымен жүргізіледі. Негізгі құралдар, тауарлы-материалдық

құндылықтар, ақша қаражаттары, аяқталмаған өндіріс, сауда кәсіпорнының тауарлары және басқалар түгенделуге тиіс.

Төлеуге есептелген шығындар – болжанбаған жағдайлар бойынша есептелген төлемдер.

Талдамалы шоттар – қорлардың және оның көздерінің жекелеген түрлерінің құрамдас бөліктерін есепке алуға арналған шоттар талдамалы шоттар деп аталады.

Типтік жоспары – бухгалтерлік есеп шоттарының кәсіпорынның қаржы-шаруашылық қызметін есепке алуға қажетті, экономикалық негізделген шоттардың жүйеленген тізілімі.

Түпнұсқа құжаттар – тиісті жолмен түпкілікті редакцияда ресімделген және қол қойылған құжаттар (түпнұсқа).

Түгендеу – бұл мүліктердің заттай нақты қолда барығ шоттарда көрсетілген бухгалтерлік есеп деректерімен сәйкестігін тексеру.

Үзінді – құжат бөлімінің көшірмесі.

Шоттар және екіжақты жазу – бұл шаруашылық операциясын әртүрлі шоттардың дебеті мен кредиті бойынша бірдей сомамен бір мезгілде көрсету.

Шаруашылық процесі – біртектес шаруашылық операцияларының жиынтығы деп аталады.

Шот – бұл ақпарат жинақтаушы. Кейіннен ол жинақталады және әр түрлі жинақ көрсеткіштер мен есептемелерді жасау үшін пайдаланылады.

Хронологиялық жазу – шаруашылық операциясының пайда болу мөлшеріне қарай жүргізілетін жазу.

Кіріспе

Бухгалтерлік есеп қаржылық және экономикалық операциялар туралы ақпаратты құжаттық жинау мен жүйелеуден тұрады, олардың нәтижелері есеп беру нысандарында көрсетілген, басқару тиімділігін арттыру мақсатында қаржылық-экономикалық талдау көзі болып табылады. Көрсеткіштердің әмбебаптығына байланысты бухгалтерлік ақпарат салалық және салааралық деңгейлерде ұйымдардың активтерін, міндеттемелерін, капиталын, кірістерін, шығыстары мен қаржылық нәтижелерін, сондай-ақ есепті кезеңдер бойынша талдайды.

Әдістемелік құрал "Бухгалтерлік және қаржылық есеп" пәндерінің оқытушыларына және «Есеп және аудит» мамандығында білім алушы студенттерге арналған.

Оқу құралының жедел мақсаты-қос жазу әдісін, есеп жүргізу принциптерін игеру, негізгі есеп беру формаларын қалыптастырудың техникасы мен логикасын меңгеру. Стратегиялық мақсаты - бухгалтерлік (қаржылық) есептілікті түсіндіру арқылы студенттердің ұйым капиталының айналымы туралы сыни ойлау қабілеттерін дамыту.

Әдістемелік құрал екі бөлімнен тұрады: бірінші бөлім «Бухгалтерлік есеп негіздері» пәнінің негізгі тақырыптарының тәжірибелік тапсырмаларын қамтиды, екінші бөлім «Қаржылық есеп» пәнінің негізгі тарауларының тәжірибелік тапсырмаларын қамтиды.

Әдістемелік құралда тәжірибелік жағдайлар келтірілген және бухгалтерлік (қаржылық) есептілікті жүргізу үшін бухгалтерлік есепте көрсеткіштерді қалыптастыру бойынша міндеттер қамтылған. Тапсырмаларды сәтті орындау үшін студенттерді заңнамалық және нормативтік құжаттарды зерттеуге бағыттайтын және мәселелерді шешу алгоритмін қамтитын нұсқаулық ұсынылады.

Бұл әдістемелік құрал студенттердің білімін тексеруге ғана емес, сонымен қатар аналитикалық ойлауды қалыптастыру, қаржылық есеп операцияларының нәтижелерін есептеу бойынша басқарушылық шешімдер қабылдауға көмек көрсетеді.

Пән: «Бухгалтерлік есеп негіздері»

1.1 тақырып: Шаруашылық есептің пайда болуы, оның түрлері. Кәсіпорын құралдарын жіктеу.

Тест сұрақтары 1 нұсқа.

1. Шаруашылық есептің даму тарихы жылға жуық
 - А. 6000
 - Б. 4000
 - С. 7500
 - Д. 4500
2. Бухгалтерлік есеп туралы ең бірінші кітапты кім жазды?
 - А. Рональдо Матечилли
 - Б. Лука Пачоли
 - С. Бернард Велинни
 - Д. дұрыс жауабы жоқ
3. Бухгалтерлік есеп туралы ең бірінші кітап қай жылы жазылды?
 - А.1565
 - Б.1492
 - С.1494
 - Д.1685
4. Шаруашылық есеп келесі түрлерге бөлінеді:
 - А.жедел оперативті, статистикалық, салық есебі
 - Б. жедел оперативті, статистикалық, басқару есебі
 - С. жедел оперативті, статистикалық, өндіріс есебі
 - Д. жедел оперативті, статистикалық, бухгалтерлік есебі
5. Шаруашылық әрекеттері мен процесстерін тікелей жұмыс жүргізіліп жатқан жерде басшылық жасау мақсатымен, оларды қадағалау мен бақылау үшін жүргізіледі.
 - А.жедел оперативті
 - Б.статистикалық
 - С. бухгалтерлік
 - Д. басқару
6. Жаппай қоғамдық құбылыстарды зерттеу және бақылау үшін жүргізіледі.
 - А.жедел оперативті
 - Б.статистикалық
 - С. бухгалтерлік
 - Д. басқару
7. Кәсіпорынның шаруашылық әрекеттерін құжаттарға үздіксіз , ақшалай бейнеде тіркеу арқылы жүргізіледі.
 - А.жедел оперативті
 - Б.статистикалық

- С. бухгалтерлік
Д. басқару
8. Кәсіпорынға тиесілі және уақытша кәсіпорынға тиесілі емес тауарлы материалдық құндылықтар мен ақша қаражаттар.
А. шаруашылық қондырғылар
Б. шаруашылық құндылықтар
С. өндірістік құралдар
Д. шаруашылық құралдары
9. Кәсіпорынның шаруашылық құралдары орналастырылуы бойынша келесі түрлерге бөлінеді:
А. Негізгі құралдар, материалдық емес активтер, айналым құралдары
Б. Негізгі құралдар, материалдық емес активтер, қондырғылар
С. Патенттер, материалдық емес активтер, айналым құралдары
Д. Көлік құралдар, материалдық емес активтер, айналым құралдары
10. Кәсіпорын құралдарын құрылу көздері бойынша келесі түрлерге жіктеледі:
А. меншікті капитал және несиелер
Б. меншікті капитал және міндеттемелер
С. меншікті капитал және дебиторлық берешек
Д. меншікті капитал және кредиторлық берешек

2 нұсқа.

1. Шаруашылық құралдары құрылу көздері бойынша қандай түрлерге жіктеледі:
А. меншікті капитал және несиелер
Б. меншікті капитал және міндеттемелер
С. меншікті капитал және дебиторлық берешек
Д. меншікті капитал және кредиторлық берешек
2. Шаруашылық құралдарының орналастырылуы бойынша түрлері:
А. Негізгі құралдар, материалдық емес активтер, айналым құралдары
Б. Негізгі құралдар, материалдық емес активтер, қондырғылар
С. Патенттер, материалдық емес активтер, айналым құралдары
Д. Көлік құралдар, материалдық емес активтер, айналым құралдары
3. Кәсіпорынға тиесілі және уақытша кәсіпорынға тиесілі емес тауарлы материалдық құндылықтар мен ақша қаражаттар
А. шаруашылық қондырғылар
Б. шаруашылық құндылықтар
С. өндірістік құралдар
Д. шаруашылық құралдары
4. Кәсіпорынның шаруашылық әрекеттерін құжаттарға үздіксіз, ақшалай бейнеде тіркеу арқылы жүргізетін есеп түрі?
А. жедел оперативті
Б. статистикалық

- С. бухгалтерлік
 Д. басқару
5. Жаппай қоғамдық құбылыстарды зерттейтін және бақылау үшін жүргізілетін есеп?
 А. жедел оперативті
 Б. статистикалық
 С. бухгалтерлік
 Д. басқару
6. Тікелей жұмыс жүргізіліп жатқан жерде басшылық жасау мақсатымен, оларды қадағалау мен бақылау үшін жүргізілетін есеп?
 А. жедел оперативті
 Б. статистикалық
 С. бухгалтерлік
 Д. басқару
7. Шаруашылық есеп қандай түрлерге бөлінеді?
 А. жедел оперативті, статистикалық, салық есебі
 Б. жедел оперативті, статистикалық, басқару есебі
 С. жедел оперативті, статистикалық, өндіріс есебі
 Д. жедел оперативті, статистикалық, бухгалтерлік есебі
8. Бухгалтерлік есеп туралы ең бірінші кітапты қай жылы жазылды?
 А. 1565
 Б. 1492
 С. 1494
 Д. 1685
9. Бухгалтерлік есеп туралы ең бірінші кітапты кім жазды?
 А. Рональдо Матечилли
 Б. Лука Пачоли
 С. Бернард Велинни
 Д. дұрыс жауабы жоқ
10. Шаруашылық есептің даму тарихы жылға жуық
 А. 6000
 Б. 4000
 С. 7500
 Д. 4500

Тест сұрақтарының жауаптары:

Сұрақ №	Жауабы	Сұрақ №	Жауабы
1	А	1	Б
2	Б	2	А
3	С	3	Д
4	Д	4	С
5	А	5	Б
6	Б	6	А
7	С	7	Д
8	Д	8	С

9	А	9	Б
10	Б	10	А

1.2 тақырып: Кәсіпорын құралдарының құрамы және орналастырылуы бойынша жіктеу.

№ 1 Блиц карточка

Берілген 10 сұраққа дұрыс жауап бағасы «5»

Берілген 7 сұраққа дұрыс жауап бағасы «4»

Берілген 7 сұрақтан төмен жауап бағасы «3»

№	Сұрақтар	Жауаптар
1	Бухгалтерлік есеп туралы ең бірінші кітапты кім жазды және қай жылы	
2	Шаруашылық есептің түрлері	
3	Кәсіпорынға тиесілі және уақытша кәсіпорынға тиесілі емес тауарлы материалдық құндылықтар мен ақша қаражаттары қалай таталады	
4	Кәсіпорынның шаруашылық құралдары орналастырылуы бойынша қандай түрлерге бөлінеді?	
5	Негізгі құралдарға не жатады?	
6	Белгілі бір нақтылы пішіні жоқ, тарататын ақшалай немесе зат түрінде нысаны болмайтын, бірақ ұйымның негізгі қызмет барысында немесе әкімшілік қызметінде ұзақ уақыт, бір жылдан артық қосымша табыс (пайда) әкеліп тұратын активтердің бір түрі.	
7	Ұйымдарда материалдық емес активтерге не жатады?	
8	Дебиторлық берешектер дегеніміз не?	
9	Есеп айырысу қаражаты былай бөлінеді.	
10	Айналымдағы саладағы құралдарға мыналар жатады:	

№ 1 Блиц карточка жауаптарымен

Берілген 10 сұраққа жұрыс жауап бағасы «5»

Берілген 7 сұраққа жұрыс жауап бағасы «4»

Берілген 7 сұрақтан төмен жауап бағасы «3»

№	Сұрақтар	Жауаптар
1	Бухгалтерлік есеп туралы ең бірінші кітапты кім жазды және қай жылы	1494 жылы, итальян математигі Лука Пачоли
2	Шаруашылық есептің түрлері	2. Жедел оперативті

		3. Статистикалық 4. Бухгалтерлік
3	Кәсіпорынға тиесілі және уақытша кәсіпорынға тиесілі емес тауарлы материалдық құндылықтар мен ақша қаражаттары қалай таталады	Шаруашылық құралдар
4	Кәсіпорынның шаруашылық құралдары орналастырылуы бойынша қандай түрлерге бөлінеді?	2. Негізгі құралдар 3. Материалдық емес активтер 4. Айналым құралдары
5	Негізгі құралдарға не жатады?	ғимараттар мен үйлер, машиналар мен жабдықтар, өлшеу және реттеу аспаптары мен қондырғылары, есептеу машиналары мен техникалары, көлік тасымалдау құралдары, шаруашылық құрал саймандары, есептеу техникасы, жер учаскелері, су және т.б. жатады
6	Белгілі бір нақтылы пішіні жоқ, тарататын ақшалай немесе зат түрінде нысаны болмайтын, бірақ ұйымның негізгі қызмет барысында немесе әкімшілік қызметінде ұзақ уақыт, бір жылдан артық қосымша табыс (пайда) әкеліп тұратын активтердің бір түрі.	Материалдық емес активтер
7	Ұйымдарда материалдық емес активтерге не жатады?	лицензиялық келісімдер, бағдарламалық қамтамасыз ету, патенттер, ұйымдастыру шығындары, гудвилл, сауда маркалары, авторлық құқықтар жатады.
8	Дебиторлық берешектер дегеніміз не?	кәсіпорынға басқа кәсіпорындардың және жеке тұлғалардың қарызы.
9	Есеп айырысу қаражаты былай бөлінеді.	сатып алушылармен есеп айырысу - есеп беруге тиісті тұлғалармен есеп айырысу - басқа дебиторлармен есеп айырысу.
10	Айналымдағы саладағы құралдарға мыналар жатады:	- Дайын өнім, Тауарлар, Кассадағы, банктегі есеп шоттардағы, валюталық шоттардағы қаражат; - Бағалы қағаздар, акциялар, облигациялар - Жолдағы ақша қаражаты

№ 2 Блиц карточка

Берілген 10 сұраққа дұрыс жауап бағасы «5»

Берілген 7 сұраққа дұрыс жауап бағасы «4»

Берілген 7 сұрақтан төмен жауап бағасы «3»

№	Сұрақтар	Жауаптар
1	Шаруашылық есеп қанша түрге бөлінеді	
2	Бухгалтерлік есеп туралы ең бірінші	

	кітапты кім және қай жылы жазды	
3	Ауызша түрде, телефонмен, факспен, жазбаша түрде берілетін есеп	
4	Жаппай қоғамдық құбылыстарды зерттеу және бақылау үшін жүргізіледі.	
5	Кәсіпорынның шаруашылық әрекеттерін құжаттарға үздіксіз ақшалай бейнеде тіркеу арқылы жүргізеді	
6	Материалдық өндіріс саласында ұзақ уақыт ағымында (бір жылдан көп) қызмет ететін материалдық активтер.	
7	Бір өндірістік кезең шегінде толық қолданылатын және сонымен қатар айналымға ұшырайтын құралдар?	
7	Бір нақтылы пішіні жоқ, тарататын ақшалай немесе зат түрінде нысаны болмайтын шаруашылық құралдары?	
8	Жеке немесе заңды тұлғалардың кәсіпорынға тиесілі борыштардың сомасы?	
9	Өндірістік саладағы айналым құралдарын мыналар жатады:	
10	Кәсіпорынның шаруашылық құралдары орналастырылуы бойынша келесі түрлерге бөлінеді:	

№ 2 Блиц карточка жауаптарымен

Берілген 10 сұраққа дұрыс жауап бағасы «5»

Берілген 7 сұраққа дұрыс жауап бағасы «4»

Берілген 7 сұрақтан төмен жауап бағасы «3»

№	Сұрақтар	Жауаптар
1	Шаруашылық есеп қанша түрге бөлінеді	3
2	Бухгалтерлік есеп туралы ең бірінші кітапты кім және қай жылы жазды	1494 жылы Итальян математигі Лука Пачоли
3	Ауызша түрде, телефонмен, факспен, жазбаша түрде берілетін есеп	Жедел оперативті
4	Жаппай қоғамдық құбылыстарды зерттеу және бақылау үшін жүргізіледі.	Статистикалық есеп
5	Кәсіпорынның шаруашылық әрекеттерін құжаттарға үздіксіз ақшалай бейнеде тіркеу арқылы жүргізеді	Бухгалтерлік есеп
6	Материалдық өндіріс саласында ұзақ уақыт ағымында (бір жылдан көп) қызмет ететін материалдық активтер.	Негізгі құралдар
7	Бір өндірістік кезең шегінде толық қолданылатын және сонымен қатар айналымға ұшырайтын құралдар?	Айналым құралдары
7	Бір нақтылы пішіні жоқ, тарататын	Материалдық емес активтер

	ақшалай немесе зат түрінде нысаны болмайтын шаруашылық құралдары?	
8	Жеке немесе заңды тұлғалардың кәсіпорынға тиесілі борыштардың сомасы?	Дебиторлық қарыз
9	Өндірістік саладағы айналым құралдарын мыналар жатады:	<ul style="list-style-type: none"> ✓ Өндірістік қорлар (шикізаттар, материалдар, отын, саймандар) ✓ Құрылыс материалдары; ✓ Бордақылауға байланған және өсіруге арналған жануарлар;
10	Кәсіпорынның шаруашылық құралдары орналастырылуы бойынша келесі түрлерге бөлінеді:	<ul style="list-style-type: none"> 1. Негізгі құралдар 2. Материалдық емес активтер 3. Айналым құралдары

1.3 тақырып: Кәсіпорын құралдарын құрамы және орналастырылуы және құрылу көздері

Тәжірибелік жұмыстың жоспары:

1. Кестеде берілген кәсіпорын құралдарының тізімімен танысыңыздар.
2. Кестеде көрсетілген кәсіпорын құралдарын құрамы мен орналастырылуы және құрылу көздері бойынша жіктеңіздер.
3. Есептің шешімін кестеде көрсетіңіздер.

№	Аталуы	Сомасы
1.	Авторлық құқық	20000
2.	Патент	35000
3.	Компания ғимараты	1200000
4.	Қондырғылар	500000
5.	материалдар	421000
6.	Құрал саймандар	25000
7.	Дайын өнімдер	38000
8.	ЖШС-нің «Сэт транс» қарызы	635000
9.	Жолдаға ақша қаражаты	136000
10.	Есеп айырысу шотындағы қаражат	155000
11.	Акциялар	15000
12.	Жарғылық капитал	1 200000
13.	Резервтік капитал	35000
14.	Жыл аяғындағы таратылмаған табыс	40000
15.	Жұмысшы қызметкерлерге еңбекақы бойынша қарыз	25000
16.	Жер салығы	100000
17.	Ұзақ мерзімді банк несиесі	1200000
18.	Корпоративтік табыс салығы	25000
19.	Бюджетке салықтар бойынша қарыз	1500000
20.	ЖШС-гі «Восток Стройға» қарыз	25000
21.	Гудвилл	3 000 000
22.	Арнайы бюджеттен қаржы	2 000 000

Есеп шешімін рәсімдейтін кесте:

№	Құрамы мен орналасуы	сомасы	№	Құрылу көздері(пассив)	сомасы
---	----------------------	--------	---	------------------------	--------

	(актив)				
	Барлығы:	6165000		Барлығы:	6165000

Есеп шешімі:

№	Құрамы мен орналасуы (актив)	сомасы	№	Құрылу көздері (пассив)	сомасы
1.	Авторлық құқық	20000	1.	Акциялар	15000
2.	Патент	35000	2.	Жарғылық капитал	1 200000
3.	Компания ғимараты	1200000	3.	Резервтік капитал	35000
4.	Қондырғылар	500000	4.	Жыл аяғындағы таратылмаған табыс	40000
5.	материалдар	421000	5.	Жұмысшы қызметкерлерге еңбекақы бойынша қарыз	25000
6.	Құрал саймандар	25000	6.	Жер салығы	100000
7.	Дайын өнімдер	38000	7.	Ұзақ мерзімді банк несиесі	1200000
8.	ЖШС-нің «Сәт транс» қарызы	635000	8.	Корпоративтік табыс салығы	25000
9.	Жолдаға ақша қаражаты	136000	9.	Бюджетке салықтар бойынша қарыз	1500000
10.	Есеп айырысу шотындағы қаражат	155000	10.	ЖШС-гі «Восток Стройға» қарыз	25000
11.	Гудвилл	3000000	11.	Арнайы бюджеттен қаржы	2 000 000
	Жиынтығы:	6165000		Жиынтығы:	6165000

Тәжірибелік жұмысты бекіту сұрақтары:

1. Шаруашылық құралдар анықтамасы?
2. Кәсіпорын құралдарын құрамы және орналастырылуы бойынша қалай жіктеледі?
3. Негізгі құралдар дегеніміз не?
4. Таблицадан негізгі құралдардың құрамын кіретін шаруашылық құралдарын атаңыз.
5. Айналым құралдары дегеніміз не?
6. Кестеден айналым құралдарын іріктеп көрсетіңіз.
7. Материалдық емес активтер дегеніміз не?
8. Кестедегі материалдық емес активтерді атаңыз.

1.4 тақырып: Ұйым мүлкін қалыптастыру көздері бойынша топтастыру

Тәжірибелік жұмыстың жоспары:

1. Кестеде берілген кәсіпорын құралдарының тізімімен танысыңыз.
2. Кестеде берілген кәсіпорын құралдарын құрылу көздері бойынша жіктеңіз.
3. Есептің шешімін кестеде рәсімдеңіз.

№	Аталуы	Сомасы
1	Негізгі құралдар	890000
2	Негазгі құралдар амортизациясы	22 000
3	Таратылмаған табыс	145400
4	Жарғылық капитал	302 000
5	Тауарлар	154 000
6	Кассадағы ақша қаражаты	6000
7	Есеп айырысу шотындағы ақша қаражаты	140 000
8	Жұмысшылар мен қызметкерлермен төлемақы бойынша есеп айырысу	45 000
9	Жабдықтаушылар мен мердігерлермен есеп айырысу	120 000
10	Дебиторлармен есеп айырысу	49000
11	Кредиторлармен есеп айырысу	8 000
12	Материалдық емес активтер	1 300
13	Материалдар	54 000
14	Қондырғылар	20000
15	Есептуіш техника	10000
16	Отын	31600
17	Резервтік капитал	15000
18	Ұзақ мерзімді несиелер	16000
19	Қысқа мерзімді несиелер	20000
20	Шұжықтар	70000
21	Шпик	25000
22	«Казкоммерцбанктегі» несиелер	757500
24	Мекеме ғимараты	5 892000
25	Жеке табыс салығы	245650
26	Газ қондырғысы	856123
27	Халық банкісіндегі 20 жылғы алынған несие	6492473
	Жиынтығы:	

Есеп шешімін рәсімдейтін кесте:

Аталуы (актив)	сомасы	Аталуы (пассив)	сомасы

Жиынтығы:	8199023	Жиынтығы:	8199023

Есеп шешімі:

Аталуы (актив)	сомасы	Аталуы (пассив)	сомасы
1.Негізгі құралдар	890000	1. Негізгі құралдар амортизациясы	22000
2 .Тауарлар	154000	2.Таратылмаған табыс	145400
3.Кассадағы ақша қаражаты	6000	3.Жарғылық капитал	302000
4.Есеп айырысу шотындағы ақша қаражаты	140000	4.Жұмысшылар мен қызметкерлермен төлемақы бойынша есеп айырысу	45000
5.Дебиторлармен есеп айырысу	49000	5. Жабдықтаушылар мен мердігерлермен есеп айырысу	120000
6. Материалдық емес активтер	1300	6. Кредиторлармен есеп айырысу	8000
7. Материалдар	54000	7. Резервтік капитал	15000
8. Қондырғылар	20000	8.Ұзақ мерзімді неиселер	16000
9. Есептеуіш техника	10000	9. Ұзақ мерзімді неиселер	20000
10.Отын	31600	10. «Қазкоммерцбанктегі» несиелер	757500
11. Шұжықтар	70000	11.Жеке табыс салығы	245650
12. Шпик	25000	12.Халық банкісіндегі 20 жылғы алынған несие	6492473
13.Мекеме ғимараты	5 892000		
14.Газ қондырғысы	856123		
Жиынтығы:	8 199 023	Жиынтығы:	8 199 023

Тәжірибелік жұмысты бекіту сұрақтары:

1. Шаруашылық құралдар анықтамасы.
2. Кәсіпорын құралдары құрылым көздері бойынша қалай жіктеледі?
3. Жарғылық капитал дегеніміз не ?
4. Резервтік капитал дегеніміз не?
5. Қысқа мерзімді және ұзақ мерзімді несиелер дегеніміз не?

1.5 тақырып: Қаржылық есеп пәнінің мазұны, қаржылық есеп әдісінің түсінігі.

Тест сұрақтары 1 нұсқа

1. Бухгалтерлік есеп мәліметтеріне заңдық күш беретін орындалған шаруашылық әрекеттері туралы жазбаша куәлік.
А. құжаттану

- Б. бухгалтерлік есеп
С. екі жақты жазу
Д. бухгалтерлік шоттар
2. Шаруашылық құралдары мен қаржылық міндеттемелердің нақты барын белгілі бір мерзімге бухгалтерлік есеп мәліметтерімен салыстыру жолымен анықтау.
А. құжаттану
Б. түгендеу
С. екі жақты жазу
Д. бухгалтерлік шоттар
3. Шаруашылық құралдарын, міндеттемелерді және шаруашылық әрекеттерін ақшалай түрде көрсету.
А. құжаттану
Б. түгендеу
С. бағалау
Д. бухгалтерлік шоттар
4. Өндіріліп дайындалған материалдық құндылықтардың өзіндік құнын анықтау үшін шығындарды топтастыру.
А. құжаттану
Б. түгендеу
С. бағалау
Д. калькуляциялау
5. Шаруашылық құралдарын екі жақты жазу әдістерімен біртекті белгілері бойынша топтастыру және есепке алу.
А. бухгалтерлік шоттар
Б. түгендеу
С. бағалау
Д. калькуляциялау
6. Шаруашылық әрекеттерді бір мезгілде бірдей сомда екі шотта көрсету.
А. бухгалтерлік шоттар
Б. екі жақты жазу
С. бағалау
Д. калькуляциялау
7. Белгілі бір мерзімге және ақшалай бағалаумен көрсетілген кәсіпорынның шаруашылық құралдарын экономикалық топтастыру және жалпылау әдісі.
А. бухгалтерлік шоттар
Б. екі жақты жазу
С. бухгалтерлік баланс
Д. калькуляциялау
8. Есепті кезеңге кәсіпорынның шаруашылық құралдарын, міндеттемелерінің қозғалысын және қаржылық жағдайын сипаттайтын белгілі кесте нысанында көрсетілген бухгалтерлік есеп көрсеткіштерінің жиынтығы.
А. бухгалтерлік шоттар
Б. екі жақты жазу

- С. бухгалтерлік баланс
 - Д. бухгалтерлік есеп
9. Бухгалтерлік есептің пәні шаруашылық субъектілерінің?
- А. шаруашылық қызметі
 - Б. шаруашылық әрекеті
 - С. шаруашылық құжаттары
 - Д. несие қозғалысы
10. Есептің қандай тәсілдердің және қандай әдістердің көмегімен жүргізілетіні туралы білім алу?
- А. Статистикалық есепті оқудың басты мақсаты
 - Б. Бухгалтерлік есепті оқудың басты мақсаты
 - С. жедел оперативті есептің басты мақсаты
 - Д. дұрыс жауабы жоқ

2 нұсқа

1. Есептің қандай тәсілдердің және қандай әдістердің көмегімен жүргізілетіні туралы білім алу?
- А. Статистикалық есепті оқудың басты мақсаты
 - Б. Бухгалтерлік есепті оқудың басты мақсаты
 - С. жедел оперативті есептің басты мақсаты
 - Д. дұрыс жауабы жоқ
2. Бухгалтерлік есептің пәні шаруашылық субъектілерінің?
- А. шаруашылық қызметі
 - Б. шаруашылық әрекеті
 - С. шаруашылық құжаттары
 - Д. несие қозғалысы
3. Есепті кезеңге кәсіпорынның шаруашылық ұұралдарын, міндеттемелерінің қозғалысын және қаржылық жағдайын сипаттайтын белгілі кесте нысанында көрсетілген бухгалтерлік есеп көрсеткіштерінің жиынтығы.
- А. бухгалтерлік шоттар
 - Б. екі жақты жазу
 - С. бухгалтерлік баланс
 - Д. бухгалтерлік есеп
4. Белгілі бір мерзімге және ақшалай бағалаумен көрсетілген кәсіпорынның шаруашылық құралдарын экономикалық топтастыру және жалпылау әдісі.
- А. бухгалтерлік шоттар
 - Б. екі жақты жазу
 - С. бухгалтерлік баланс
 - Д. калькуляциялау
5. Шаруашылық әрекеттерді бір мезгілде бірдей сомда екі шотта көрсету.
- А. бухгалтерлік шоттар
 - Б. екі жақты жазу
 - С. бағалау

- Д. калькуляциялау
6. Бухгалтерлік есеп мәліметтеріне заңдық күш беретін орындалған шаруашылық әрекеттері туралы жазбаша куәлік.
- А. құжаттану
 Б. бухгалтерлік есеп
 С. екі жақты жазу
 Д. бухгалтерлік шоттар
7. Шаруашылық құралдары мен қаржылық міндеттемелердің нақты барын белгілі бір мерзімге бухгалтерлік есеп мәліметтерімен салыстыру жолымен анықтау.
- А. құжаттану
 Б. түгендеу
 С. екі жақты жазу
 Д. бухгалтерлік шоттар
8. Шаруашылық құралдарын, міндеттемелерді және шаруашылық әрекеттерін ақшалай түрде көрсету.
- А. құжаттану
 Б. түгендеу
 С. бағалау
 Д. бухгалтерлік шоттар
9. Өндіріліп дайындалған материалдық құндылықтардың өзіндік құнын анықтау үшін шығындарды топтастыру.
- А. құжаттану
 Б. түгендеу
 С. бағалау
 Д. калькуляциялау
10. Шаруашылық құралдарын екі жақты жазу әдістерімен біртекті белгілері бойынша топтастыру және есепке алу.
- А. бухгалтерлік шоттар
 Б. түгендеу
 С. бағалау
 Д. калькуляциялау

Тест сұрақтарының жауаптары:

1 вариант сұрақтары	Жауабы	2 вариант сұрақтары	Жауабы
1	А	1	Б
2	Б	2	А
3	С	3	Д
4	Д	4	С
5	А	5	Б
6	Б	6	А
7	С	7	Б
8	Д	8	С
9	А	9	Д
10	Б	10	А

1.6 тақырып: Бухгалтерлік балансты құру

Тәжірибелік жұмыстың жоспары:

1. Тәжірибелі жұмыс кестесіндегі мәліметтермен танысыңыздар.
2. Кестеде берілген мәліметтер бойынша «Шығыс Астық» ЖШС-нің 1.01.2020ж, балансын құрыңыздар.

Тәжірибелік жұмысты орындау үшін берілген мәліметтер:

№	Атауы	сомасы тенгемен
1	Кәсіпорын ғимараты	450000
2	Цемент	154000
3	Азық түлік тауарларф	364000
4	Есеп айырысу шотындағы ақша қаражаты	12000
5	Кассадағы қаражат	160000
6	Жабдықтаушыларға қарыз	145000
7	Қысқа мерзімді банк займдары	210000
8	Бюджетке салықтар бойынша қарыздар	5000
9	Әлеуметтік сақтандыру салығы	211000
10	Жұмысшы қызметкерлерге төлемақы бойынша қарыз	40000
11	Есеп беруге тиісті тұлғалармен есеп айырысу	10000
12	Жарғылық капитал	459000
13	Таратылмаған табыт (өтелмеген залал)	60000

1.01 20__ жыл балансы

№	Актив	Сомасы	Пассив	Сомасы
1.	Кәсіпорын ғимараты	450000	Жабдықтаушыларға қарыз	145000
2.	Цемент	154000	Қысқа мерзімді банк займдары	210000
3.	Азық түлік тауарлары	364000	Бюджетке салықтар бойынша қарыздар	5000
4.	Есеп айырысу шотындағы ақша қаражаты	12000	Әлеуметтік сақтандыру салығы	211000
5.	Кассадағы қаражат	160000	Жұмысшы қызметкерлерге төлемақы бойынша қарыз	40000
6.	Есеп беруге тиісті тұлғалармен есеп айырысу	10000	Жарғылық капитал	459000
7.			Таратылмаған табыт (өтелмеген залал)	60000
	Баланс сомасы:		Баланс сомасы:	

Тәжірибелік жұмысты бекіту сұрақтары:

1. Бухгалтерлік баланс анықтамасы?
2. Баланс қандай өлшеуіште құрылады?
3. Баланс қандай екі жаққа бөлінеді?
4. Баланстың активіндегі бөлімдерді атаңыз.

5. Баланстың пассивіндегі бөлімдерді атаңыз.
6. Баланс валютасы дегеніміз не?
7. Балансқа қол қоюшы тұлғаларды атаңыз?
8. Балансты тапсыру мерзімі?

1.7 тақырып: «Бухгалтерлік баланстың түсінігі, құрылымы, мазмұны»

Тест сұрақтары I – нұсқа

1. Бухгалтерлік баланс дегеніміз не?
 - А. Белгілі бір мерзімде және ақшалай түрде көрсетілген кәсіпорынның шаруашылық құралдарын экономикалық топтастыру және жалпылау әдісі.
 - В. Белгілі кесте нысанында көрсетілген бухгалтерлік есеп көрсеткіштерінің жиынтығы.
 - С. Шаруашылық құралдарын бір мезгілде, бір салада, бірдей сомада екі шотта көрсету.
 - Д. Өндіріліп дайындалған материалдық құндылықтардың өзіндік құнын анықтау үшін шығындарды топтастыру.
2. Бухгалтерлік баланс қалай бөлінеді?
 - А. Материалдық активтер, материалдық емес активтер
 - В. Актив, пассив
 - С. Жарғылықты капитал, резервті капитал
 - Д. Бухгалтерлік есеп және жедел есеп
3. Бухгалтерлік баланстың сол жағы атауы?
 - А) Актив В) Пассив С) Шоттар Д) Есеп
4. Бухгалтерлік баланстың оң жағының атауы?
 - А. Актив В. Пассив С. Шоттар Д. Есеп
5. Бухгалтерлік баланста актив пен пассив жиынтығы қалай болуы керек?
 - А. Актив үлкен В. Пассив үлкен С. Тең Д. Әрқалай
6. Бухгалтерлік баланс валютасы дегеніміз не?
 - А. Баланстағы әрбір айқындама
 - В. Актив пен пассив тепе-теңдігі
 - С. Екі жақты жазу
 - Д. Шоттарды есептеу
7. Баланс бабы дегеніміз не?
 - А. Баланстағы әрбір айқындама
 - В. Актив пен пассив тепе-теңдігі
 - С. Екі жақты жазу
 - Д. Шоттарды есептеу
8. Баланстың активінде қандай бөлімдер бар?
 - А. Қысқа және ұзақ мерзімді несиелер
 - В. Қысқа және ұзақ мерзімді міндеттемелер

- С. Қысқа және ұзақ мерзімді активтер
 - Д. Қысқа және ұзақ мерзімді пассивтер
9. Баланстың пассивінде қандай бөлімдер бар?
- А. Қысқа және ұзақ мерзімді міндеттемелер, капитал
 - В. Қысқа және ұзақ мерзімді активтер, капитал
 - С. Қысқа және ұзақ мерзімді пассивтер, капитал
 - Д. Қысқа және ұзақ мерзімді несиелер, капитал
10. Балансқа қол қоюшы тұлғаларды атаңыз?
- А. Барлық бухгалтерлер
 - В. Менеджерлер
 - С. Мекеме басшысы және бас бухгалтер
 - Д. Мекемедегі барлық жұмысшылар

II-нұсқа

1. Бухгалтерлік баланс қалай бөлінеді?
- А. Материалдық активтер, материалдық емес активтер
 - В. Актив, пассив
 - С. Жарғылықты капитал, резервті капитал
 - Д. Бухгалтерлік есеп және жедел есеп
2. Балансқа кім қол қояды?
- А. Барлық бухгалтерлер
 - В. Менеджерлер
 - С. Мекеме басшысы және бас бухгалтер
 - Д. Мекемедегі барлық жұмысшылар
3. Баланс бабы дегеніміз не?
- А. Баланстағы әрбір айқындама
 - В. Актив пен пассив тепе-теңдігі
 - С. Екі жақты жазу
 - Д. Шоттарды есептеу
4. Бухгалтерлік баланс дегеніміз не?
- А. Белгілі бір мерзімде және ақшалай түрде көрсетілген кәсіпорынның шаруашылық құралдарын экономикалық топтастыру және жалпылау әдісі.
 - В. Белгілі кесте нысанында көрсетілген бухгалтерлік есеп көрсеткіштерінің жиынтығы.
 - С. Шаруашылық құралдарын бір мезгілде, бір салада, бірдей сомада екі шотта көрсету.
 - Д. Өндіріліп дайындалған материалдық құндылықтардың өзіндік құнын анықтау үшін шығындарды топтастыру.
5. Бухгалтерлік баланста актив пен пассив жиынтығы қалай болуы керек?
- А. Актив үлкен В. Пассив үлкен С. Тең Д. Әрқалай
6. Бухгалтерлік баланстың сол жағы?
- А. Актив В. Пассив С. Шоттар Д. Есеп
7. Бухгалтерлік баланстың оң жағы?

- А. Актив В. Пассив С. Шоттар Д. Есеп
8. Бухгалтерлік баланс валютасы дегеніміз не?
- А. Баланстағы әрбір айқындама
 В. Актив пен пассив тепе-теңдігі
 С. Екі жақты жазу
 Д. Шоттарды есептеу
9. Баланстың активінде қандай бөлімдер бар?
- А. Қысқа және ұзақ мерзімді несиелер
 В. Қысқа және ұзақ мерзімді міндеттемелер
 С. Қысқа және ұзақ мерзімді активтер
 Д. Қысқа және ұзақ мерзімді пассивтер
10. Баланстың пассивінде қандай бөлімдер бар?
- А. қысқа және ұзақ мерзімді міндеттемелер, капитал
 В. қысқа және ұзақ мерзімді активтер, капитал
 С. қысқа және ұзақ мерзімді пассивтер, капитал
 Д. қысқа және ұзақ мерзімді несиелер, капитал

Тест сұрақтарының жауаптары:

I-нұсқа сұрақтары	жауабы	II-нұсқа сұрақтары	жауабы
1.	А	1.	В
2.	В	2.	С
3.	А	3.	А
4.	В	4.	А
5.	С	5.	С
6.	В	6.	А
7.	А	7.	В
8.	С	8.	В
5.	Құны кассадан төленген материалдарды кіріске енгізу	1310, 1350	1010	200000
6.	Сатып алынған материалдар мен олар бойынша шығыстар банктегі карт шоттардан төленуі	1310, 1350	1040	
7.	ЖШС «Аманатан» шикізат және материалдар, тауарлар және өзге қорлар сатып алынды.	1310,1330, 1350	3310	150 000
8.	Цемент зауытынан цемент келіп түсті	1310	3310	10 000
9.	Жағармай базасынан отын келіп түсті.	1310	3310	20 000
10.	Жеткізушілермен мердігерлерден жартылай фабрикаттар сатып алынды.	1350	3310	8 000
11.	Жеткізушілермен мердігерлерден программалар сатып алынды.	2730	3310	5 000
12.	Мебель зауытынан оқушылардың парталары сатып алынды	2410	3310	33 000
13.	Берушілермен мердігерлерден лицензиялық келісімдер алынды.	2730	3310	100 000
14.	Сауда департаментіне есеп айырысу шотынан лицензиялық келісім үшін қаражат аударылды.	3310	1030	100 000
15.	«Рахат» дүкені Альянс-Банкінен 12 ай мерзіміне несие алды.	1030	3010	120 000

16.	Ет комбинатынан дүкенге шұжықтар келіп түсті	1330	3310	18 000
17.	Банктегі есеп айырысу шотына кассадан ақша тапсырылды	1030	1010	88 000
18.	Материалдарды дайындаумен айналысушы жұмысшылардың еңбекақысының бейнеленуі	1310	3350	
19.	Есеп айырысу шотынан кассаға жұмысшыларға еңбекақы төлеуге ақша келіп түсті.	1010	1030	17 000

1.20 тақырып: Өндіріс процессінің есебі.

Тәжірибелік жұмыс жоспары:

1. Тәжірибелік жұмыс тапсырмасымен танысыңыздар.
2. Шоттардың типтік жоспарын қолдана отырып өндіріс процесінің әрекеттері мазмұны бойынша шоттар корреспонденциясын құрастырыңыздар.

№	Шаруашылық әрекеттерінің мазмұны	Шоттар корреспонденциясы		сомасы
		Дт	Кт	
1.	Кондитерлік цехқа жеткізушілерден ұн алынды.			21 000
2.	Негізгі өндірістен дайын өнім есепке алынды.			22 000
3.	Шикізаттар негізгі өндіріске аударылды..			7 000
4.	Отын негізгі өндіріске аударылды.			6 000
5.	Қосалқы құралдар негізгі өндіріске аударылды.			19 000
6.	Негізгі өндірістің үстеме шығындары есептен шығарылды.			25 000
7.	Негізгі өндіріс жұмысшыларына еңбекақы есептелді.			500 000
8.	Негізгі өндіріс жұмысшыларының еңбекақысынан әлеуметтік салық бойынша аударымды бейнелу			20000
9.	Негізгі өндіріс жұмысшыларының еңбекақысынан жеке табыс салығы бойынша аударымды бейнелу			20000
10.	Көмекші өндіріс жұмысшыларына еңбекақы есептелді.			100 000
11.	Өнім беріші және жұмыс малдарының жас тұяғын еспеке алу			200 000
12.	Жартылай фабрикаттар өндірісіне материалдар аударылды.			100 000
13.	Жартылай фабрикаттар дайындайтын цех жұмысшыларына еңбекақы есептелді.			85 000
14.	Жартылай фабрикаттар цехының дайын өнімі есепке алынды.			65 000

Тәжірибелік жұмысты бекіту сұрақтары:

1. Өндіріс дегеніміз не?
2. Өндіріс процесі дегеніміз не?
3. Өндіріс процесстері типтік шоттар жоспарында нешінші бөлімде көрсетіледі?
4. Шикізат пен материалдар келіп түскенде қандай шоттар кірістіріледі?
5. Қандай шығындар көлік-дайындау шығындары деп аталады?
6. Шаруашылық құндылықтарды бағалау әдістері қандай түрлерге бөлінеді

Есептің шешімі:

№	Шаруашылық әрекеттерінің мазмұны	Шоттар корреспонденциясы		сомасы
		Дт	Кт	
1.	Кондитерлік цехқа жеткізушілерден ұн алынды.	1310	3310	21 000
2.	Негізгі өндірістен дайын өнім есепке алынды.	1320	8110	22 000
3.	Шикізаттар негізгі өндіріске аударылды..	8110	1310	7 000
4.	Отын негізгі өндіріске аударылды.	8110	1310	6 000
5.	Қосалқы құралдар негізгі өндіріске аударылды.	8110	1310	19 000
6.	Негізгі өндірістің үстеме шығындары есептен шығарылды.	8110	8410	25 000
7.	Негізгі өндіріс жұмысшыларына еңбекақы есептелді.	8112	3350	500 000
8.	Негізгі өндіріс жұмысшыларының еңбекақысынан әлеуметтік салық бойынша аударымды бейнелу	8113	3150	20000
9.	Негізгі өндіріс жұмысшыларының еңбекақысынан жеке табыс салығы бойынша аударымды бейнелу	8113	3120	20000
10.	Көмекші өндіріс жұмысшыларына еңбекақы есептелді.	8312	3350	100 000
11.	Өнім беріші және жұмыс малдарының жас тұяғын еспеке алу	2520	8110, 8310	200 000
12.	Жартылай фабрикаттар өндірісіне материалдар аударылды.	8210	1310,1350	100 000
13.	Жартылай фабрикаттар дайындайтын цех жұмысшыларына еңбекақы есептелді.	8210	3350	85 000
14.	Жартылай фабрикаттар цехының дайын өнімі есепке алынды.	1320	8210	65 000

1.21 тақырып: Сату процесінің есебі.

Тәжірибелік жұмыстың жоспары:

1. Тәжірибелік жұмыс тапсырмасымен танысыңыздар.
2. Кестеде шоттардың типтік жоспарын қолдана отырып сату процесіне қатысты шоттар корреспонденциясын көрсетіңіздер.

№	Шаруашылық операциялар мазмұны	Шоттар корреспонденциясы		Сомасы
		Дт	Кт	
1	2	3	4	5
1.	Сатылған өнімдер үшін сатып алушылардан есеп айырысу шотына ақша қаражаты келіп түсті			3 500
2.	Өнімді сату бөлімінің жұмысшыларына еңбек ақы тағайындалды.			38 000
3.	Өнімді сату бойынша көлік тасымалдау шығындары есептен шығарылды.			8 000
4.	Электрэнергия бойынша шығындар есептен шығарылды.			4 000
5.	Көлік тасымалдау құралдары есептен шығарылды.			28 000
6.	Дайын өнімді сатудан кірісті көрсету			35 500
7.	Материалдық құндылықтарды сатудан алынған кіріс.			25 500
8.	Заңды және жеке тұлғалардан тауарларды өтеусіз алу.			56 000
9.	Материалдық емес активтерді сатудан алынған табыс			25 300
10.	Қондырғылар мен машиналарды сатудан атынған табыс			55 700
11.	Өнімді сату процесінде жұмсалған материалдардың есептен шығарылуы			60 000
12.	Бағдарламамен қамтамасыз етудің амортизациясы есептелінді			100 000
13.	Сауда орнын жалдағаны үшін жалдық төлем есептелінді			50000
14.	Маркетинг бөлімінің компьютерлік қондырғысына тозу есептелінді			56000
15.	Сату процесінде пайдаланылатын материалдық емес активтер бойынша өтелімді есептеу (лицензия, сауда маркасы ж/е т.б.)			65000

Тәжірибелік жұмысты бекіту сұрақтары:

1. Сату процесі туралы түсінік .
2. Сату процесі кезінде кәсіпорын қандай шығындарға ұшырайды?
3. Кәсіпорынның табыстары және шығыстары дегеніміз не?
4. Коммерциялық шығындар дегеніміз не?
5. Өнімді сату кезінде сатып алушылар-жеткізушілер-салық органдары арасында қандай байланыс туады?
6. Сату процесінде кәсіпорын жұмыс нәтижесін көре алама?
7. Нәтижені қай шот арқылы көрсетеді?
8. Сату процесінің барлық шығындары қай шотта көрсетіледі?

Есептің шешімі:

№	Шаруашылық операциялар мазмұны	Шоттар корреспонденциясы		Сомасы
		Дт	Кт	
1	2	3	4	5
1.	Сатылған өнімдер үшін сатып алушылардан есеп айырысу шотына ақша қаражаты келіп түсті	1030	1210	3 500
2.	Өнімді сату бөлімінің жұмысшыларына еңбек ақы тағайындалды.	7110	3350	38 000
3.	Өнімді сату бойынша көлік тасымалдау шығындары есептен шығарылды.	7110	3310	8 000
4.	Электрэнергия бойынша шығындар есептен шығарылды.	7110	3320	4 000
5.	Көлік тасымалдау құралдары есептен шығарылды.	7110	2410	28 000
6.	Дайын өнімді сатудан кірісті көрсету	1210	6010	35 500
7.	Материалдық құндылықтарды сатудан алынған кіріс.	1210	6010	25 500
8.	Заңды және жеке тұлғалардан тауарларды өтеусіз алу.	1330	6220	56 000
9.	Материалдық емес активтерді сатудан алынған табыс	2730	6210	25 300
10.	Қондырғылар мен машиналарды сатудан атынған табыс	2415	6210	55 700
11.	Өнімдің сату процесінде жұмсалған материалдардың есептен шығарылуы	7110	1310, 1350	60 000
12.	Бағдарламамен қамтамасыз етудің амортизациясы есептелінді	7110	2740	100 000
13.	Сауда орнын жалдағаны үшін жалдық төлем есептелінді	7110	3360	50000
14.	Маркетинг бөлімінің компьютерлік қондырғысына тозу есептелінді	7110	2420	56000
15.	Сату процесінде пайдаланылатын материалдық емес активтер бойынша өтелімді есептеу (лицензия, сауда маркасы ж/е т.б.)	7110	2720- 2740	65000

1.22 тақырып: Шоттардың мақсаты мен құрылымы бойынша жіктеу. Шаруашылық процестері.

Тәжірибелік жұмыстың жоспары:

- I. Шоттарды мақсаты мен құрылым бойынша жіктеңіз және төмендегі кестеде көрсетіңіз.
 1. шоттың нөмірін анықтаңыз
 2. бөлімнің нөмірін анықтаңыз.
 3. бөлімшенің нөмірін анықтаңыз
 4. активтік немесе пассивтік шот екенін анықтаңыз.
 5. шоттарды мақсаты мен құрылым бойынша жіктеңіз.

6. түпкілікті және транзиттық шот екенін анықтаңыз.

№	Шоттардың атауы	Шоттың №	Шоттарды мақсаты мен құрылымы бойынша жіктеңіз
1	Негізгі өндіріс		
2	Көмекші өндіріс		
3	Өнімдерді өткізу мен қызметтер көрсетуден түске кіріс		
4	Корпорациялық табыс салығы бойынша шығы		
5	Жеке өндірістегі жартылай фабрикалар		
6	Жүккүжат шығыстары		
7	Активтерді істен шығарудан түскен кәрістер		
8	Әкімшілік шығыстар		
9	Өнімдерді өткізу мен қызмет көрсету бойынша шығыстар		
10	Шикізат және материалдар (өндіріс)		
11	Өндіріс жұмысшыларының еңбекақысы		
12	Сатып алушылар мен тапсырысшылардың қысқа мерзімді дебиторлық берешегі		
13	Қысқа мерзімді банктік қарыздар		
14	Қауымдастырылған және бірлескен ұйымдарға берілетін қысқа мерзімді кредиторлық берешек		

Тәжірибелік жұмысты бекіту сұрақтары:

Шоттарды жіктеу дегеніміз не?

1. Шоттар экономикалық мазмұн бойынша қалай жіктеледі?
2. Шоттар мақсаты және құрылым бойынша қалай жіктеледі?
3. Негізгі шоттар дегеніміз не?
4. Әрекеттік шоттар дегеніміз не?
5. Реттеуші шоттар дегеніміз не?
6. Транзиттік шоттар дегеніміз не?
7. Баланстан тыс шоттар туралы не білесіз?

Есептің шешімі :

№	Шоттардың атауы	Шоттың №	Шоттарды мақсаты мен құрылымы бойынша жіктеңіз
1	Негізгі өндіріс	8110	Бөлім № 8, бөлімше №81, активтік, әрекеттік . транзиттік
2	Көмекші өндіріс	8310	Бөлім № 8, бөлімше №83, активтік, әрекеттік . транзиттік
3	Өнімдерді өткізу мен қызметтер көрсетуден түске кіріс	6010	Бөлім № 6, бөлімше № 6020, пассивтік, әрекеттік .

			тарату.транзиттік
4	Корпорациялық табыс салығы бойынша шығындар	7710	Бөлім № 7, бөлімше №77, активтік, әрекеттік . таратушы.транзиттік
5	Жеке өндірістегі жартылай фабрикаттар	8210	Бөлім № 8, бөлімше №82, активтік, әрекеттік . калькуляциялық.транзиттік
6	Жүккүжат шығыстары	8410	Бөлім № 8, бөлімше №84, активтік, әрекеттік. калькуляциялық.транзиттік
7	Активтерді істен шығарудан түскен кәрістер	6210	Бөлім № 6, бөлімше № 6210, пассивтік, әрекеттік . тарату.транзиттік
8	Әкімшілік шығыстар	7210	Бөлім № 7, бөлімше №72, активтік, әрекеттік . таратушы.транзиттік
9	Өнімдерді өткізу мен қызмет көрсету бойынша шығыстар	7110	Бөлім № 7, бөлімше №71, активтік, әрекеттік . таратушы.транзиттік
10	Шикізат және материалдар (өндіріс)	8111	Бөлім № 8, бөлімше №81, активтік, әрекеттік. калькуляциялық.транзиттік
11	Өндіріс жұмысшыларының еңбекақысы	8112	Бөлім № 8, бөлімше №81, активтік, әрекеттік. калькуляциялық.транзиттік
12	Сатып алушылар мен тапсырысшылардың қысқа мерзімді дебиторлық берешегі	1210	Бөлім № 1 бөлімше № 12, активтік, негізгі. есеп айырысу шоттары. түпкілікті
13	Қысқа мерзімді банктік қарыздар	3080	Бөлім № 3 бөлімше № 30, негізгі. несие шоттары, түпкілікті
14	Қауымдастырылған және бірлескен ұйымдарға берілетін қысқа мерзімді кредиторлық берешек	3330	Бөлім № 3 бөлімше № 33, активтік, негізгі.есеп айырысу. түпкілікті.

1.23 тақырып: Құжаттардың жіктелуі, бухгалтерлік өңдеуі, тексеру. Құжат айналымы.

**«Дұрыс, дұрыс емес, білмеймін» стратегиясы
1 нұсқа**

№	Сұрақтар	Дұрыс	Дұрыс емес	Білмеймін
1	2	3	4	5
1.	Сыртқы құжаттар- нақты кәсіпорыннан тыс, ресімделген күйінде келіп түсетін құжаттар болып келеді. Мысалы: шот-фактуралар, банк көшірмелері, тауарлы көлік ілеспе құжаттары. т.б.			
2.	Толтыру әдісі бойынша- Типтік Типсіз			
3.	Типтік халық шаруашылығын барлық салаларында өзгеріссіз қолданылатын құжаттар.			

4.	Мамандандырылған - ауыл шаруашылығының жеке салаларында қолданылатын немесе нақты сол кәсіпорын үшін жасалып қолданылатын құжаттар.			
5.	Құжаттарда көрсетілген шаруашылық әрекеттерді сипаттайтын көрсеткіштер- құжат көрсеткіштері деп аталады.			
6.	Реквизиттер міндетті және қосымша түрлерге бөлінеді			
7.	Қосымша реквизиттер қатарына мыналар жатады: - Құжаттардың атауы және оның реттік нөмірі; - Құжат жасалған кәсіпорынның атауы - Шаруашылық әрекеттерінің мазмұны; - Құжаттың жасау күні; - Әрекеттің өлшем бірліктері - Әрекетке және оның құжатта дұрыс ресімделіне жауапты тұлғалардың қолтаңбасы.			
8.	Қосымша реквизиттерге: құжаттағы кәсіпорынның мекенжайы және телефоны, шаруашылық әрекетіне қатысушылардың атап өтілуі.			
9.	Бухгалтерияға келіп түскен құжаттар 5 әдіспен жүргізілетін міндетті тексеруге жатады.			
10.	Құжаттар мәні бойынша тексеріледі , яғни құжатта көрсетілген әрекеттердің заңдылығы мен мақсаттылығы бекітіледі, осы әрекеттің құжатта көрсетілген көлемде болуы керек пе, жоқ па			
11.	Құжаттарды арифметикалық тексеру - (нысаны бойынша), яғни осы құжаттың бекітілген нысанды бланкілерде толтырылғандығының сәйкестігі, барлық реквизиттердің толтырылулығының дұрыстығы, лауазымды адамдардың қолтаңбаларының бар екендігі тексеріледі.			
12.	Құжаттарды формалды тексеру - құжаттарда көрсетілген есептеулердің дұрыстығы тексеріледі.			
13.	Бухгалтерияда тексерілген және қабылданған құжаттар таксировка, топтастыру, контировкалық өндеуге жатады.			
14.	Топтастыру - бұл бағаның заттай көрсеткіштеріне көбейтіліп жалпы сомасын шығаруды тексеру.			
15.	Құжаттар таксировкасы - бұл құжаттарды атауымен және байланысына қарай іріктеу.			
16.	Құжаттар контировкасы - құжаттрада шоттар корреспонденциясын қою.			
17.	Құжаттардың құрылуынан бастап және мұрағатқа берілуіне дейінгі қозғалысы құжат			

	айналымы деп аталады.			
18.	Құжат айналымы келесі кезеңдерден тұрады: Құжатты құру және ресімдеу. Құжаттардың мұрағатқа тапсырылуы.			
19.	Құжат айналымын әрбір кәсіпорында бас экономист бекітеді және кәсіпорынның барлық қызметкерлері үшін міндетті болып табылады.			

**«Дұрыс, дұрыс емес, білмеймін» стратегиясы
2 нұсқа**

№	Жауаптар	Дұрыс	Дұрыс емес	Білмеймін
1	2	3	4	5
1.	Құжаттану- бухгалтерлік есеп мәліметтеріне заңдық күш беретін орындалған шаруашылық әрекеттері туралы жазбаша куәлік.			
2.	Шаруашылық операцияларын құжаттармен рәсімдеу процесі бухгалтерлік есептің бірінші кезеңі- құжат айналымы болып табылады.			
3.	Құжаттар мақсаты және мазмұны бойынша келесі топтарға жіктеледі: - Мақсаты бойынша - Әрекеттерді көрсету бойынша - Құрылу тәртібі бойынша - Толтыру орыны бойынша - Толтыру әдісі бойынша			
4.	Құжаттар мақсаты бойынша: үкімдік, атқарушы(растаушы), бухгалтерлік толтырылған және аралас болып бөлінеді.			
5.	Өкімдік- шаруашылық әрекеттерін орындауға арналған бұйрық, өкімдерден тұратын құжаттар болып табылады. (бұйрық, өкімдер, ақша алауға берілген чектер т.б.)			
6.	Атқарушы (растаушы) құжаттар тек әрекеттердің орындалу фактісін растайды, яғни болған әрекетті куәландырады. Оларға (кіріс және шығыс касса ордерлары, нарядтар т.б.)			
7.	Бухгалтерлік жолмен толтырылған- үкімшілік және растаушы құжаттар негізінде кадр бөлімінде жасалатын құжаттар.			
8.	Аралас құжаттар- бір мезгілде өкімдік және растаушы, өкімдік және бухгалтерлік жолмен толтырылған құжаттар қызметін атқарады. Оларға аванстық есеп, есеп айырысу –төлем ведомостары т.б.			
9.	Әрекеттерді көрсету бойынша: Бір реттік құжаттар Алғашқы құжаттар			
10.	Бір реттік құжаттар- бір рет жеке әрекетті немесе бір уақытта орындалатын бірнеше			

	әрекеттерді бейнелеу үшін қолданылады. Мысалы кассалық кіріс және шығыс ордерлері, есеп айырысу – төлем ведомостары.			
11.	Жинақтау құжаттары- бір әрекеттерді бейнелейтін құжаттар. Мысалы: лимиттік алу карталары, екі апталық немесе айлық нарядтар және т.б.			
12.	Құрылу тәртібі бойынша: Алғашқы құжаттар Біріктірілген құжаттар-			
13.	Алғашқы құжаттар- әрбір жеке әрекет орындалған сәтте құрылады. Мысалы. Кассалық кіріс және шығыс ордерлері, материалды босатуға талап, негізгі құралдарды беру-тапсыру актісі және т.б.			
14.	Біріктірілген құжаттар- құрылған алғашқы құжаттар негізінде жасалады. Мысалы: аванстық есептер, кассалық есептер, топтастырылған және жинақтау ведомостары.			
15.	Толтыру орны бойынша: Ішкі құжаттар Сыртқы құжаттар			
16.	Ішкі құжаттар- кәсіпорынға сырттан келіп түскен әрекеттерді көрсету үшін жасалады.			
17.	Сыртқы құжаттар- нақты кәсіпорыннан тыс, ресімделген күйінде келіп түсетін құжаттар болып келеді. Мысалы: шот-фактуралар, банк көшірмелері, тауарлы көлік ілеспе құжаттары. т.б.			

**«Дұрыс, дұрыс емес, білмеймін» стратегиясының
1 нұсқасының жауабы**

№	Сұрақтар	Дұрыс	Дұрыс емес	Білмеймін
1	2	3	4	5
1.	Сыртқы құжаттар- нақты кәсіпорыннан тыс, ресімделген күйінде келіп түсетін құжаттар болып келеді. Мысалы: шот-фактуралар, банк көшірмелері, тауарлы көлік ілеспе құжаттары. т.б.	+		
2.	Толтыру әдісі бойынша- Типтік Типсіз		+	
3.	Типтік халық шаруашылығын барлық салаларында өзгеріссіз қолданылатын құжаттар.	+		
4.	Мамандандырылған- ауыл шаруашылығының жеке салаларында қолданылатын немесе нақты сол кәсіпорын үшін жасалып қолданылатын құжаттар.	+		
5.	Құжаттарда көрсетілген шаруашылық әрекеттерді сипаттайтын көрсеткіштер- құжат көрсеткіштері деп аталады.		+	
6.	Реквизиттер міндетті және қосымша түрлерге	+		

	бөлінеді			
7.	Қосымша реквизиттер қатарына мыналар жатады: - Құжаттардың атауы және оның реттік нөмірі; - Құжат жасалған кәсіпорынның атауы - Шаруашылық әрекеттерінің мазмұны; - Құжаттың жасау күні; - Әрекеттің өлшем бірліктері - Әрекетке және оның құжатта дұрыс ресімделіне жауапты тұлғалардың қолтаңбасы.		+	
8.	Қосымша реквизиттерге: құжаттағы кәсіпорынның мекенжайы және телефоны, шаруашылық әрекетіне қатысушылардың атап өтілуі.	+		
9.	Бухгалтерияға келіп түскен құжаттар 5 әдіспен жүргізілетін міндетті тексеруге жатады.		+	
10.	Құжаттар мәні бойынша тексеріледі , яғни құжатта көрсетілген әрекеттердің заңдылығы мен мақсаттылығы бекітіледі, осы әрекеттің құжатта көрсетілген көлемде болуы керек пе, жоқ па	+		
11.	Құжаттарды арифметикалық тексеру - (нысаны бойынша), яғни осы құжаттың бекітілген нысанды бланкілерде толтырылғандығының сәйкестігі, барлық реквизиттердің толтырылулығының дұрыстығы, , лауазымды адамдардың қолтаңбаларының бар екендігі тексеріледі.		+	
12.	Құжаттарды формалды тексеру- құжаттарда көрсетілген есептеулердің дұрыстығы тексеріледі.		+	
13.	Бухгалтерияда тексерілген және қабылданған құжаттар таксировка, топтастыру, контировкалық өндеуге жатады.	+		
14.	Топтастыру - бұл бағаның заттай көрсеткіштеріне көбейтіліп жалпы сомасын шығаруды тексеру.		+	
15.	Құжаттар таксировкасы - бұл құжаттарды атауымен және байланысына қарай іріктеу.		+	
16.	Құжаттар контировкасы- құжаттрада шоттар корреспонденциясын қою.	+		
17.	Құжаттардың құрылуынан бастап және мұрағатқа берілуіне дейінгі қозғалысы құжат айналымы деп аталады.	+		
18.	Құжат айналымы келесін кезеңдерден тұрады: Құжатты құру және ресімдеу. Құжаттардың мұрағатқа тапсырылуы.		+	
19.	Құжат айналымын әрбір кәсіпорында бас экономист бекітеді және кәсіпорынның барлық қызметкерлері үшін міндетті болып табылады.		+	

**«Дұрыс, дұрыс емес, білмеймін» стратегиясының
2 нұсқасының жауабы**

№	Сұрақтар	Дұрыс	Дұрыс емес	Білмеймін
---	----------	-------	------------	-----------

1	2	3	4	5
1.	Құжаттану- бухгалтерлік есеп мәліметтеріне заңдық күш беретін орындалған шаруашылық әрекеттері туралы жазбаша куәлік.	+		
2.	Шаруашылық операцияларын құжаттармен рәсімдеу процесі бухгалтерлік есептің бірінші кезеңі- құжат айналымы болып табылады.		+	
3.	Құжаттар мақсаты және мазмұны бойынша келесі топтарға жіктеледі: Мақсаты бойынша Әрекеттерді көрсету бойынша Құрылу тәртібі бойынша Толтыру орыны бойынша Толтыру әдісі бойынша	+		
4.	Құжаттар мақсаты бойынша: үкімдік, атқарушы(растаушы), бухгалтерлік толтырылған және аралас болып бөлінеді.	+		
5.	Өкімдік- шаруашылық әрекеттерін орындауға арналған бұйрық, өкімдерден тұратын құжаттар болып табылады. (бұйрық, өкімдер, ақша алауға берілген чектер т.б.)	+		
6.	Атқарушы (растаушы) құжаттар тек әрекеттердің орындалу фактісін растайды, яғни болған әрекетті куәландырады. Оларға (кіріс және шығыс касса ордерлары, нарядтар т.б.)	+		
7.	Бухгалтерлік жолмен толтырылған- үкімшілік және растаушы құжаттар негізінде кадр бөлімінде жасалатын құжаттар.		+	
8.	Аралас құжаттар- бір мезгілде өкімдік және растаушы, өкімдік және бухгалтерлік жолмен толтырылған құжаттар қызметін атқарады. Оларға аванстық есеп, есеп айырысу –төлем ведомостары т.б.	+		
9.	Әрекеттерді көрсету бойынша: Бір реттік құжаттар Алғашқы құжаттар		+	
10.	Бір реттік құжаттар- бір рет жеке әрекетті немесе бір уақытта орындалатын бірнеше әрекеттерді бейнелеу үшін қолданылады. Мысалы кассалық кіріс және шығыс ордерлері,есеп айырысу –төлем ведомостары.	+		
11.	Жинақтау құжаттары- бір әрекеттерді бейнелейтін құжаттар. Мысалы: лимиттік алу карталары, екі апталық немесе айлық нарядтар және т.б.		+	
12.	Құрылу тәртібі бойынша: Алғашқы құжаттар Біріктірілген құжаттар-	+		
13.	Алғашқы құжаттар- әрбір жеке әрекет орындалған сәтте құрылады. Мысалы. Кассалық кіріс және шығыс ордерлері , материалды босатуға	+		

	талап, негізгі құралдарды беру-тапсыру актісі және т.б.			
14.	Біріктірілген құжаттар- құрылған алғашқы құжаттар негізінде жасалады. Мысалы: аванстық есептер, кассалық есептер, топтастырылған және жинақтау ведомостары.	+		
15.	Толтыру орны бойынша: Ішкі құжаттар Сыртқы құжаттар	+		
16.	Ішкі құжаттар- кәсіпорынға сырттан келіп түскен әрекеттерді көрсету үшін жасалады.		+	
17.	Сыртқы құжаттар- нақты кәсіпорыннан тыс, ресімделген күйінде келіп түсетін құжаттар болып келеді. Мысалы: шот-фактуралар, банк көшірмелері, тауарлы көлік ілеспе құжаттары. т.б.	+		

1.24 тақырып: Құжаттарды толтыру, тексеру және өңдеу.

Тәжірибелік жұмыстың жоспары:

1. Тәжірибелік жұмысты орындауға арналған кестемен танысыңыздар
2. Кестеде көрсетілген алғашқы құжаттарды келесі түрлерге жіктеңіздер: Өкімдік (Ө); Растаушы (Р); Бухгалтерлік жолмен толтырылған (Б); Аралас (А), Мамандандырылған(М), Алғашқы(А), Жинақтау(Ж),

№	Құжаттар атауы	Құжаттың түрі
1	Қоймадан материал босатуға талап	
2	Қоймадан материалдарды жіберу накладнойы	
3	Іс сапарға жасалған бұйрық	
4	Іс сапар шығындары бойынша аванстық есеп	
5	Еңбекақы тағайындау ведомосы	
6	Кіріс касса ордері	
7	Шығыс касса ордері	
8	Чек	
9	Еңбекақы туралы анықтама	
10	Негізгі құралдар амортизациясын есептеу құжаты	
11	Жануарлар қозғалысы бойынша есеп	
12	Өсімдіктер қозғалысы бойынша есеп	
13	Касса бойынша есеп	
14	Кіріш қабылдау ордері	
15	№ 3 цехтын Лимиттік алу карталары	

2.Кәсіпорынның лауазымдық тұлғаларының тізімі:

- 1) Кәсіпорын басшысы,
- 2) Бас бухгалтер,

- 3) Қоймашы,
- 4) Кассир,
- 5) Менеджер.

3. Кәсіпорынның лауазымдық тұлғаларының тізімінен төмендегі құжаттарға қол қоюшыларды таңдаңыздар.

- А) Бухгалтерлік баланс
- Б) Кәсіпорын бұйрығы
- В) іс сапар куәлігі
- Г) сенімхат

Тәжірибелік жұмысты бекіту сұрақтары:

1. Құжат дегеніміз не?
2. Өкімдік құжаттар дегеніміз не?
3. Растаушы құжаттар туралы түсінік?
4. Бухгалтерлік жолмен толтырылған құжаттар дегеніміз не және оларға қандай құжаттар жатады?
5. Аралас және мамандандырылған құжаттар дегеніміз не?
6. Алғашқы және біріктірілген құжаттар туралы түсінік?

Тапсырма жауабы:

№	Құжаттар атауы	Құжаттың түрі
1	Қоймадан материал босатуға талап	Өкімдік
2	Қоймадан материалдарды жіберу накладнойы	Растаушы
3	Іс сапарға жасалған бұйрық	Өкімдік
4	Іс сапар шығындары бойынша аванстық есеп	Аралас
5	Еңбекақы тағайындау ведомосы	Бухгалтерлік жолмен толтырылған
6	Кіріс касса ордері	Растаушы
7	Шығыс касса ордері	Растаушы
8	Чек	Өкімдік
9	Еңбекақы туралы анықтама	Бухгалтерлік жолмен толтырылған
10	Негізгі құралдар амортизациясын есептеу құжаты	Бухгалтерлік жолмен толтырылған
11	Жануарлар қозғалысы бойынша есеп	Мамандандырылған
12	Өсімдіктер қозғалысы бойынша есеп	Мамандандырылған
13	Касса бойынша есеп	Жинақтаушы
14	Кірпіш қабылдау ордері	Алғашқы
15	№ 3 цехтын Лимиттік алу карталары	Жинақтаушы

1.25 тақырып: Түгендеу, оның маңызы, түгендеу түрлері, жүргізу және рәсімдеу тәртібі

**Тест сұрақтары.
1 нұсқа**

1. Шаруашылық құралдары мен қаржылық міндеттемелердің нақты барын белгілі бір мерзімге бухгалтерлік есеп мәліметтерімен салыстыру жолымен анықтау..... деп аталады.

А.Түгендеу

Б.Есептеу

С Жинақтау

Д. Талдау

2. Түгендеу меншік нысанына, қызмет ету түріне және жұмыс тәртібіне қарамастан кәсіпорындарда жүргізеді..

А. мемлекеттік кәсіпорындарда

Б. барлық кәсіпорындарда

С меншік кәсіпорындарда

Д. кооперативтік мекемелерде.

3. Толық түгендеу жылына жылдық есеп берудің алдында жүргізеді.

А.екі рет

Б. үш рет

С бір рет

Д. кез келген цақытта

4. Шаруашылық құралдарын қамту толықтығына (по полноте охвата) байланысты түгендеу болып бөрінеді.

А.толық және толық емес

Б.толық және кездейсоқ

С. толық және жоспарлы

Д. толық және ішінара

5. Жылына бір рет жылдық есеп берудің алдында жүргізілетін түгендеу атауы

А.толық

Б.жоспарлы

С. әкімшілік

Д. кездейсоқ

6. Түгенделетін объектілердің тек белгілі бір бөлігін ғана қамтитын түгендеу.

А.толық

Б.ішінара

С. әкімшілік

Д. кездейсоқ

7. Түгендеу сипатына байланысты былай бөлінеді: (по характеру)

А. жоспарлы, ішінара

Б. кездейсоқ, әкімшілік

С жоспарлы, кездейсоқ

Д. дұрыс жауап жоқ

8. Алдын ала белгіленген мерзімде жүзеге асырылатын түгендеу деп аталады.

А.кездейсоқ

Б.толық

С. ішінара

Д. жоспарлы

9. Кәсіпорын басшысының өкімімен, бақылаушы органдардың тапсырысымен, материалдық жауапты тұлғалардың ауысуы кезінде, табиғат апатынан кейін жүргізілетін түгендеу деп аталады.

А. кездейсоқ

Б. толық

С. ішінара

Д. жоспарлы

10. Түгендеуді тексерілетін құндылықтарға жауап беретін жауапты тұлға болып тағайындалған жүргізеді

А. арнайы бөлім

Б. арнайы комиссия

С. кадр бөлімі

Д. арнайы мамандар

11. Түгендеу жүргізудің алдында түгендеу жұмысы комиссиясы өз мүшелеріне жұмыстың басталуы мен аяқталу мерзімдері бекітілген беріледі.

А. хаттама

Б. өкім

С. бұйрық

Д. дұрыс жауап жоқ.

12. Барлық кіріс және шығыс құжаттарын тіркеп есеп жасайды, құндылықтардың қалдығын шығарады және сол туралы қолхат береді

.....

А. жауапты менеджер

Б. кадр бөлімінің маманы

С. бөлім экономисі

Д. материалды жауапты тұлға

13. Түгендеу жұмысы қандай құжатпен рәсімделеді.

А. түгендеу тізімі

Б. түгендеу хаттамасы

С. салыстырмалы ведомость

Д. түгендеу актісі

14. Түгендеу аяқталғаннан соң бухгалтерияда түгендеу тізімінің мәліметтері есепте көрсетілген қалдықтармен салыстырылады және ведомостары құрылады.

А. төлем

Б. салыстыру

С. хаттама

Д. акт

15. Салыстыру ведомосы негізінде түгендеу жұмыстарының нәтижелері: бәрі дұрыс, жетіспеушіліктер және артықшылықтар шығарылады.

- А. бәрі дұрыс
- Б. жетіспеушіліктер
- С. артықшылықтар
- Д. А+Б+С

Тест сұрақтарының жауаптары:

1	А
2	Б
3	С
4	Д
5	А
6	Б
7	С
8	Д
9	А
10	Б
11	С
12	Д
13	А
14	Б
15	Д

Пән: «Қаржылық есеп»

2.1 Ақша қаражаттарының есебі

Ақша қаражатының есебін жүргізу үшін, бухгалтерлік есеп шоттарының үлгілік жоспарындағы 1010-1090 шоттарының тобы пайдаланылады.

- 1000 Ақшалай қаражат
- 1010 Кассадағы ақшалай қаражат
- 1020 Жолдағы ақша қаражаты
- 1030 Ағымдағы банктік шоттардағы ақшалай қаражат
- 1040 Корреспонденттік шоттардағы ақшалай қаражат
- 1050 Жинақ шоттарындағы ақшалай қаражат
- 1060 Пайдаланылуы шектелген ақшалай қаражат
- 1070 Электрондық ақша қаражатын есепке алу
- 1080 Өзге де ақшалай қаражат
- 1090 Ақшалай қаражаттың құнсыздануынан болатын залалға арналған бағалау резерві

№1 Тапсырма. Кассадағы ақша қаражатын есепке алу шаруашылық операциялар мазмұны бойынша шоттар корреспонденциясын жасаңыз.

№	Шаруашылық операциялар мазмұны	Дебет	Кредит
1.	Ағымдағы банктік шоттан теңгемен алынған ақша қаражаты		
2.	Есеп беретін сомалар бойынша қызметкерлердің берешегі кассаға тапсырылды		
3.	Өнімді сатудан және қызмет көрсетуден кіріс алынды		
4.	Басқа да активтерді сатудан түскен кірістер		
5.	Құрылтайшыдан ақша жарғылық капиталға жарна ретінде түсті		
6.	Ұйым қызметкерлеріне есеп беруге берілген төлемдер		
7.	Кассадан ағымдағы банктік шотқа теңгемен есептеу үшін кассирге ақша берілді		
8.	Анықталған жетіспеушілік сомасына кассалық шығыс ордері жазылды		
9.	Кассирдің жетіспеушіліктерін өтеу		
10.	Ерікті қайырмалдықтар, демеушілік көмек, басқа да ақшалай қаражат түсімдері келіп түсті		
11.	Кассаға жалдау ақысы түсті		

Тапсырма жауабы:

№	Шаруашылық операциялар мазмұны	Дебет	Кредит
1.	Ағымдағы банктік шоттан теңгемен алынған ақша қаражаты	1010	1030
2.	Есеп беретін сомалар бойынша қызметкерлердің берешегі кассаға тапсырылды	1010	1250
3.	Өнімді сатудан және қызмет көрсетуден кіріс алынды	1010	6010

4.	Басқа да активтерді сатудан түскен кірістер	1010	6210
5.	Құрылтайшыдан ақша жарғылық капиталға жарна ретінде түсті	1010	5110
6.	Ұйым қызметкерлеріне есеп беруге берілген төлемдер	1250	1010
7.	Кассадан ағымдағы банктік шотқа теңгемен есептеу үшін кассирге ақша берілді	1020	1010
8.	Анықталған жетіспеушілік сомасына кассалық шығыс ордері жазылды	1270	1010
9.	Кассирдің жетіспеушіліктерін өтеу	1010	1250
10.	Ерікті қайырмалдықтар, демеушілік көмек, басқа да ақшалай қаражат түсімдері келіп түсті	1010	6160
11.	Кассаға жалдау ақысы түсті	1010	6260

№2 Тапсырма. Ағымдағы банктік шоттағы ақшаны есепке алу шаруашылық операциялар мазмұны бойынша шоттар корреспонденциясын жасаңыз.

№	Шаруашылық операциялар мазмұны	Дебет	Кредит
1.	Сатып алушыдан өнімді, қызметтерді, жұмыстарды сатудан түскен кіріс		
2.	Жолда ақша банктегі ағымдағы шотқа түсті		
3.	Банктегі арнайы шоттардан шетелдік және ұлттық валютаны алу		
4.	Сатып алушылар мен тапсырыс берушілерден аванстар түсті		
5.	Ұйымның жарғылық капиталына құрылтайшылар салымдары сомаларының нақты түсімі		
6.	Ақша қаражаты кассадан банк шотына тапсырылды		
7.	Банктің алынған кредиттерінің сомалары көрсетілді		
8.	Банктік шотқа түскен жалдау ақысы		
9.	Вексельдер бойынша банк шотына түскен: - негізгі борыш - есептелген пайыз		
10.	Банк шотына қате есептелген сома		
11.	Алынған материалдық қорлар, орындалған жұмыстар мен қызметтер үшін жеткізушілер мен мердігерлердің төлем жасалды		
12.	Акциялар, облигациялар сатып алынды, банктердегі депозиттік шоттарға салымдар салынды		
13.	Банктің қысқа мерзімді кредиттері өтелді		
14.	Жалдау бойынша ұзақ мерзімді берешектің ағымдағы бөлігі төленді		
15.	Аударымдар: А) бюджетке салықтар мен төлемдер; Б) зейнетақы қорына жарналар		
16.	Айыппұлдар, өсімақылар айыптары өтелді		
17.	Шоттан қате есептен шығарылған соманы есепте көрсету		

Тапсырма жауабы:

№	Шаруашылық операциялар мазмұны	Дебет	Кредит
1.	Сатып алушыдан өнімді, қызметтерді, жұмыстарды	1030	1210, 2110

	сатудан түскен кіріс		
2.	Жолда ақша банктегі ағымдағы шотқа түсті	1030	1020
3.	Банктегі арнайы шоттардан шетелдік және ұлттық валютаны алу	1030	1080
4.	Сатып алушылар мен тапсырыс берушілерден аванстар түсті	1030	3510, 4410
5.	Ұйымның жарғылық капиталына құрылтайшылар салымдары сомаларының нақты түсімі	1030	5110
6.	Ақша қаражаты кассадан банк шотына тапсырылды	1030	1010
7.	Банктің алынған кредиттерінің сомалары көрсетілді	1030	3010
8.	Банктік шотқа түскен жалдау ақысы	1030	6260
9.	Вексельдер бойынша банк шотына түскен: - негізгі борыш - есептелген пайыз	1030	1270,2170 1150, 2050
10.	Банк шотына қате есептелген сома	1030	3380
11.	Алынған материалдық қорлар, орындалған жұмыстар мен қызметтер үшін жеткізушілер мен мердігерлердің төлем жасалды	3310, 4110	1030
12.	Акциялар, облигациялар сатып алынды, банктердегі депозиттік шоттарға салымдар салынды	1120, 1130, 1140	1030
13.	Банктің қысқа мерзімді кредиттері өтелді	3010	1030
14.	Жалдау бойынша ұзақ мерзімді берешектің ағымдағы бөлігі төленді	3370	1030
15.	Аударымдар: А) бюджетке салықтар мен төлемдер; Б) зейнетақы қорына жарналар	3110- 3190, 3220	1030
16.	Айыппұлдар, өсімақылар айыптары өтелді	7210	1030
17.	Шоттан қате есептен шығарылған соманы есепте көрсету	1270	1030

№3 Тапсырма. Валюталық шоттардағы ақша қаражатын есепке алу шаруашылық операциялар мазмұны бойынша шоттар корреспонденциясын жасаңыз.

№	Шаруашылық операциялар мазмұны	Дебет	Кредит
1.	Өткізілген дайын өнім (тауарлар, жұмыстар, көрсетілетін қызметтер) үшін берешекті өтеу есебіне ақшаның валюталық шотқа түсуі		
2.	Сатып алушылардың вексельдер бойынша берешегін өтеу есебіне ақшаның түсуі		
3.	Есептелген сыйақының түсуі		
4.	Аванстардың пайдаланылмаған сомаларын қайтару		
5.	Жолда көрсетілген ақшаны алу		
6.	Аккредитивтің пайдаланылмаған қалдығының, чек кітапшаларындағы қалдықтың түсуі		
7.	Шетел валютасының банктегі арнайы шоттардан түсуі		
8.	Шетел валютасындағы шоттан мемлекет ішіндегі валюта шотына ақшаның түсуі		
9.	Акцияларды төлеу, салымдарды (мүліктік жарналарды) енгізу есебіне шетел валютасының түсуі		
10.	Шетел валютасында қарыз алу		

11.	Шетел валютасында алынған аванстар		
12.	Валюталық шотқа қате есептелген ақша		
13.	Есепті күнге компанияның валюталық шотындағы сальдоны қайта бағалау нәтижесінде оң бағамдық айырма есептелген		
14.	Жеткізілген тауарлар, орындалған жұмыстар және көрсетілген қызметтер үшін шетелдік өнім берушілердің төленген шоттары		
15.	Шетел валюталарының ұлттық валютаға қатысты бағамы төмендеген кезде валюта шотының сальдосын қайта бағалаудан теріс бағамдық айырма есептелген		
16.	Есеп айырысу шотынан валютаны айырбастауға ақша қаражаты аударылды		
17.	Айырбасталған валюталық сома валюталық шотқа есепке алынды		
18.	Валюталарды сатып алған немесе сатқан банктің нарықтық бағамы мен коммерциялық бағамы арасындағы сомалық айырма есептелген:		
19.	-оң- сату кезіндегі кірістер- валюталарды сатып алу		
20.	- теріс- сату кезіндегі шығыстар -валюталарды сатып алу		

Тапсырма жауабы:

№	Шаруашылық операциялар мазмұны	Дебет	Кредит
1.	Өткізілген дайын өнім (тауарлар, жұмыстар, көрсетілетін қызметтер) үшін берешекті өтеу есебіне ақшаның валюталық шотқа түсуі	1030	1210
2.	Сатып алушылардың вексельдер бойынша берешегін өтеу есебіне ақшаның түсуі	1030	1270
3.	Есептелген сыйақының түсуі	1030	1150
4.	Аванстардың пайдаланылмаған сомаларын қайтару	1030	1250
5.	Жолда көрсетілген ақшаны алу	1030	1020
6.	Аккредитивтің пайдаланылмаған қалдығының, чек кітапшаларындағы қалдықтың түсуі	1030	1080
7.	Шетел валютасының банктегі арнайы шоттардан түсуі	1030	1080
8.	Шетел валютасындағы шоттан мемлекет ішіндегі валюта шотына ақшаның түсуі	1030	1030
9.	Акцияларды төлеу, салымдарды (мүліктік жарналарды) енгізу есебіне шетел валютасының түсуі	1030	5110
10.	Шетел валютасында қарыз алу	1030	3010, 4010
11.	Шетел валютасында алынған аванстар	1030	3510, 4410
12.	Валюталық шотқа қате есептелген ақша	1030	3380
13.	Есепті күнге компанияның валюталық шотындағы сальдоны қайта бағалау нәтижесінде оң бағамдық айырма есептелген	1030	6250
14.	Жеткізілген тауарлар, орындалған жұмыстар және көрсетілген қызметтер үшін шетелдік өнім берушілердің төленген шоттары	3310	1010
15.	Шетел валюталарының ұлттық валютаға қатысты бағамы төмендеген кезде валюта шотының сальдосын қайта бағалаудан теріс бағамдық айырма есептелген	7430	1030

16.	Есеп айырысу шотынан валютаны айырбастауға ақша қаражаты аударылды	1020	1030
17.	Айырбасталған валюталық сома валюталық шотқа есепке алынды	1030	1020
18.	Валюталарды сатып алған немесе сатқан банктің нарықтық бағамы мен коммерциялық бағамы арасындағы сомалық айырма есептелген:		
19.	-оң- сату кезіндегі кірістер- валюталарды сатып алу	1020	6290
20.	- теріс- сату кезіндегі шығыстар -валюталарды сатып алу	7480	1020

№3 Тапсырма. Жолдағы ақша қаражатын есепке алу және банктердегі арнайы шоттардағы ақша қаражатын есепке алу шаруашылық операциялар мазмұны бойынша шоттар корреспонденциясын жасаңыз.

№	Шаруашылық операциялар мазмұны	Дебет	Кредит
1.	Сатып алушылар мен тапсырыс берушілерден есепке алуға жататын жолдағы ақша қаражаты		
2.	Есеп беретін адам пошта бөлімшесіне тапсырған, бірақ әлі ағымдағы банк шотына есепке алынбаған түсім		
3.	Кассадан мақсаты бойынша әлі түспеген ақша		
4.	Жолда көрсетілген ақшаны алу		
5.	Ағымдағы және өзге де банк шоттарынан аккредитивтерге ақша есептеу		
6.	Аккредитивтерді төлеуге алынған қарыздар		
7.	Валюта айырбастаудың нарықтық бағамының өзгеруі нәтижесінде бағамдық айырманың көрсетілуі		
8.	Аккредитивтің пайдаланылмаған қалдығын ағымдағы және өзге де банк шоттарына есептен шығару		
9.	Жеткізушінің шоттарын төлеуге аккредитивті есептен шығару		
10.	Валюта айырбастаудың нарықтық бағамының өзгеруі нәтижесінде бағамдық айырманың көрсетілуі		
11.	Чек кітапшаларын беру кезінде ақшаны депозитке салу		
12.	Валюта айырбастаудың нарықтық бағамының өзгеруі нәтижесінде чек кітапшаларындағы бағамдық айырманы көрсету		
13.	Пайдаланылмаған чек кітапшалары бойынша сомалардың қалдығын есеп айырысу және өзге де банк шоттарына есептен шығару		

Тапсырма жауабы:

№	Шаруашылық операциялар мазмұны	Дебет	Кредит
1.	Сатып алушылар мен тапсырыс берушілерден есепке алуға жататын жолдағы ақша қаражаты	1020	1210, 2110
2.	Есеп беретін адам пошта бөлімшесіне тапсырған, бірақ әлі ағымдағы банк шотына есепке алынбаған түсім	1020	1250
3.	Кассадан мақсаты бойынша әлі түспеген ақша	1020	1010
4.	Жолда көрсетілген ақшаны алу	1010,1030	1020
5.	Ағымдағы және өзге де банк шоттарынан аккредитивтерге ақша есептеу	1080	1030

6.	Аккредитивтерді төлеуге алынған қарыздар	1080	3010
7.	Валюта айырбастаудың нарықтық бағамының өзгеруі нәтижесінде бағамдық айырманың көрсетілуі	1080	6250
8.	Аккредитивтің пайдаланылмаған қалдығын ағымдағы және өзге де банк шоттарына есептен шығару	1030	1080
9.	Жеткізушінің шоттарын төлеуге аккредитивті есептен шығару	3310	1080
10.	Валюта айырбастаудың нарықтық бағамының өзгеруі нәтижесінде бағамдық айырманың көрсетілуі	7430	3310
11.	Чек кітапшаларын беру кезінде ақшаны депозитке салу	1080	1030, 3010, 4010
12.	Валюта айырбастаудың нарықтық бағамының өзгеруі нәтижесінде чек кітапшаларындағы бағамдық айырманы көрсету	1080	6250
13.	Пайдаланылмаған чек кітапшалары бойынша сомалардың қалдығын есеп айырысу және өзге де банк шоттарына есептен шығару	1030, 1010	1080

№4 Тапсырма. Өзге де ақшалай қаражаттарды есепке алу шаруашылық операциялар мазмұны бойынша шоттар корреспонденциясын жасаңыз.

№	Шаруашылық операциялар мазмұны	Дебет	Кредит
1.	Болашақ кезеңдерге жататын шығыстарды төлеу		
2.	Қаржылық жалдау бойынша берешек өтелді		
3.	Қаржыландырылатын жалдау бойынша есептелген сыйақыны төлеу		
4.	Ағымдағы жалдау бойынша төленген шығыстар		
5.	Жеткізушілер мен мердігерлердің шоттарын төлеу		
6.	Банктік қызмет көрсету бойынша шығындар төленді		
7.	Валюта айырбастаудың нарықтық бағамының өзгеруі нәтижесінде бағамдық айырманың көрсетілуі		
8.	Ұйым қызметтері электрондық ақшамен төленді		
9.	Ағымдағы банктік шоттардан аккредитивтерге теңгемен, валютамен ақша есептелді		
10.	Аккредитивтің пайдаланылмаған қалдығын теңгемен, валютамен ағымдағы банктік шотқа есептен шығару		

Тапсырма жауабы:

№	Шаруашылық операциялар мазмұны	Дебет	Кредит
1.	Болашақ кезеңдерге жататын шығыстарды төлеу	1720	1080
2.	Қаржылық жалдау бойынша берешек өтелді	3060	1080
3.	Қаржыландырылатын жалдау бойынша есептелген сыйақыны төлеу	3050	1080
4.	Ағымдағы жалдау бойынша төленген шығыстар	3360	1080
5.	Жеткізушілер мен мердігерлердің шоттарын төлеу	3310	1080
6.	Банктік қызмет көрсету бойынша шығындар төленді	7210	1080
7.	Валюта айырбастаудың нарықтық бағамының өзгеруі нәтижесінде бағамдық айырманың көрсетілуі	7430	1080
8.	Ұйым қызметтері электрондық ақшамен төленді	7210	1070
9.	Ағымдағы банктік шоттардан аккредитивтерге	1080	1030

	теңгемен, валютамен ақша есептелді		
10.	Аккредитивтің пайдаланылмаған қалдығын теңгемен, валютамен ағымдағы банктік шотқа есептен шығару	1030	1080

№5 Тапсырма.

Берілген келесі мәліметтер бойынша тапсырмаларды орында:

- 1) кассадағы қолма – қол ақшаның шаруашылық операциялары бойынша шоттар корреспонденденциясын құрастыру;
- 2) айналым дебет және айналым кредит анықтау;
- 3) айдың аяғындағы соңғы қалдығын анықтау.

Күні	Шаруашылық операцияларының мазмұны	Сома мың.теңге	Дебет	Кредит
	<i>Бастапқы қалдық</i>			
1.09.19	Кассаға есеп айырысу шотынан ақша қаражаттары еңбекақы төлеу үшін түсті.	10000		
5.09.19	«Арман» ЖШС фирмасынан қызмет жасаған үшін ақша қаражаттар түсті	650		
11.09.19	Кассадан есеп тұлғаға, кәсіпорынға құрал –жабдықтарды сатып алу үшін ақша қаражаттары берілді	450		
15.09.19	Кассаға есеп тұлғадан ұсталынбаған ақша қайтарылды	120		
18.09.19	“Нуртас” ЖШС фирмасынан сатып алынған тауар үшін ақша қаражаттары түсті	230		
19.09.19	Сақатовқа Р. С. іс сапарға бару үшін ақша қаражаттары кассадан бөлінді	80		
20.09.19	Кассаға “Алуа” ЖШС фирмасынан аванс түсті	35		
23. 09.19	Кассадан “Нуртас” ЖШС фирмасына аванс аударылды	40		
25.09.19	Кассадан жұмыскерлерге еңбек ақысын төледі	6000		
<i>Айналым дебет және айналым кредит</i>				
<i>Айдың аяғындағы соңғы қалдық</i>				

Есептің шешімі:

Күні	Шаруашылық операцияларының мазмұны	Сома мың. теңге	Дебет	Кредит
	<i>Бастапқы қалдық</i>	5		
1.09.19	Кассаға есеп айырысу шотынан ақша қаражаттары еңбекақы төлеу үшін түсті.	10000	1010	1030
5.09.19	«Арман» ЖШС фирмасынан қызмет жасаған үшін ақша қаражаттар түсті	650	1010, 1030	1210
11.09.19	Кассадан есеп тұлғаға, кәсіпорынға құрал –жабдықтарды сатып алу үшін	450	1210, 1000	1010

	ақша қаражаттары берілді			
15.09.19	Кассаға есеп тұлғадан ұсталынбаған ақша қайтарылды	120	1010	1210
18.09.19	“Нуртас” ЖШС фирмасынан сатып алынған тауар үшін ақша қаражаттары түсті	230	1000, 1030	1210
19.09.19	Сақатовқа Р. С. іс сапарға бару үшін ақша қаражаттары кассадан бөлінді	80	1000, 1610	1010
20.09.19	Кассаға “Алуа” ЖШС фирмасынан аванс түсті	35	1010	1610
23. 09.19	Кассадан “Нуртас” ЖШС фирмасына аванс аударылды	40	1610	1010
25.09.19	Кассадан жұмыскерлерге еңбек ақысын төледі	6000	3350	1010
<i>Айналым дебет және айналым кредит</i>			11040000	6570000
<i>Айдың аяғындағы соңғы қалдық</i>		4470000		

№ 6 Тапсырма.

- ✓ Берілген мәліметтер негізінде кассалық құжаттарды толтырыңыз
- ✓ Кәсіпорын кассирі Тынысова Назым Бақытханқызымен толық жауапкершілік келісімшартқа отырыңыз
- ✓ Толтырылған кіріс касса ордерлерін және шығыс касса ордерлерін «Кіріс және шығыс касса құжаттарын тіркеу журналына» тіркеңіз
- ✓ Кассирдың есебі негізінде айдың соңғы қалдығын анықтаңыз
- ✓ Кассирдың касса кітабын толтырыңыз.

Құжаттарды келесі сілтеме бойынша жүктеп алыңыз:

Құжат атауы	Сілтеме:
Толық жауапкершілік келісімшарты	https://cloud.mail.ru/public/DjKZ/c4Ff3E19g
Кіріс касса ордері	https://cloud.mail.ru/public/1WnR/RwMpbG1Eb
Шығыс касса ордері	https://cloud.mail.ru/public/dJBq/JbLemi7aE
Кіріс және шығыс касса құжаттарын тіркеу журналы	https://cloud.mail.ru/public/7X8w/1aipKKXgd
Кассирдың касса кітабы	https://cloud.mail.ru/public/5Sbr/aJde9TwdP

Есеп орындау үшін берілгені:

- ✓ Кәсіпорын атауы: ЖШС «Арман»;
- ✓ БИН 500700000000;
- ✓ Код КҰЖЖ (ОКПО), (Кәсіпорындар мен ұйымдардың жалпы жіктеушісі) - 10014002862
- Кәсіпорындағы мекен – жайы: 050096, Қазақстан, Павлодар қаласы, Кутузова көшесі, үй 256;
- Кәсіпорындағы шуғылданатын шаруашылығы: құрал –жабдықтардың және ғимараттардың жөндеу қызмет көрсетеді;
- Меншігінің формасы: жеке меншік;
- Кәсіпорындағы директоры: Қанатов С. А.
- Кәсіпорындағы бас бухгалтері: Тоқтарова Р.С.

– Кәсіпорындағы кассир: Тынысова Н.Б

Күні	Шаруашылық операцияларының мазмұны кімге берілді, кімнен алынды	Құжат Атауы	ИИН БИН	Сома теңге
	<i>Бастапқы қалдық</i>			350000
01.01.19	Еңбекақы төлеу үшін қаражат аударылды (АҚ «Еуразиялық банк»)	ККО №8	БИН: 041041000966	5000000
05.01.19	“ProfitТранс- KZ” ЖШС фирмасынан қызмет жасаған үшін ақша қаражаттар түсті	ККО №9	БИН: 040140001078	4620000
07.01.19	Төлеуов Мақсат Қанатұлына құрал - жабдықтарды сатып алу үшін ақша қаражаттары берілді	ШКО №15	ИИН: 990101451133	650000
13.01.19	Дулатова Жания Арланқызынан кассаға ұсталынбаған ақша қайтарылды	ККО №10	ИИН: 951204451565	156000
16.01.19	“Semey Food”ЖШС фирмасынан сатып алынған тауар үшін ақша қаражаттары түсті	ККО №10	БИН: 141040014555	2700000
18.01.19	Сақатовқа Руслан Талантұлына іс сапарға бару үшін ақша қаражаттары кассадан бөлінді	ШКО №16	ИИН: 980222450270	302000
20.01.19	Кассаға «Инси- Мост» ЖШС фирмасынан алдын-ала төлем түсті	ККО №11	БИН: 010540004527	400000
22.01.19	«Цемент зауыты» ЖШС-не аванс аударылды	ШКО №17	БИН: 021240000022	400000
26.01.19	Жұмыскерлерге сыйақы үшін қаражат аударылды (АҚ «Еуразиялық банк»)	ШКО №18	БИН: 041041000966	1500000
31.01.19	ГКП «Семей Водоканал» төлем жасалынды	ШКО №19	БИН: 020740003220	153000
Айналым дебеті				
Айналым кредиті				
Айдың аяғындағы соңғы қалдық				

Есептің шешімі:

Күні	Шаруашылық операцияларының мазмұны кімге берілді, кімнен алынды	Құжат Атауы	ИИН БИН	Сома теңге
	<i>Бастапқы қалдық</i>			350000
0 1.01.19	Еңбекақы төлеу үшін қаражат аударылды (АҚ «Еуразиялық банк»)	ККО №8	БИН: 041041000966	5000000
05.01.19	“ProfitТранс- KZ” ЖШС фирмасынан қызмет жасаған үшін ақша қаражаттар түсті	ККО №9	БИН: 040140001078	4620000
07.01.19	Төлеуов Мақсат Қанатұлына құрал - жабдықтарды сатып алу үшін ақша қаражаттары берілді	ШКО №15	ИИН: 990101451133	650000
13.01.19	Дулатова Жания Арланқызынан	ККО №10	ИИН:	156000

	кассаға ұсталынбаған ақша қайтарылды		951204451565	
16.01.19	“Semey Food” ЖШС фирмасынан сатып алынған тауар үшін ақша қаражаттары түсті	ККО №10	БИН: 141040014555	2700000
18.01.19	Сақатовқа Руслан Талантұлына іс сапарға бару үшін ақша қаражаттары кассадан бөлінді	ШКО №16	ИИН: 980222450270	302000
20.01.19	Кассаға «Инси- Мост» ЖШС фирмасынан алдын-ала төлем түсті	ККО №11	БИН: 010540004527	400000
22. 01.19	«Цемент зауыты» ЖШС-не аванс аударылды	ШКО №17	БИН: 021240000022	400000
26.01.19	Жұмыскерлерге сыйақы үшін қаражат аударылды (АҚ «Еуразиялық банк»)	ШКО №18	БИН: 041041000966	1500000
31.01.19	ГКП «Семей Водоканал» төлем жасалынды	ШКО №19	БИН: 020740003220	153000
Айналым дебеті				Дебет: 8226000
Айналым кредиті				Кредит: 8005000
Айдың аяғындағы соңғы қалдық				221000

№7 Тапсырма.

Бағамдық айырма туындайтын жағдайлар:

Берілгені: Импорттық операциялар кезінде тауарларды кедендік ресімдеу мен жеткізушілермен және мердігерлермен есеп айырысу барысында ақша қаражаттарын аудару күндерінің арасында келісімшарттық құнның ұлттық валютадағы өзгерісін анықтаңыздар.

Субъект 2000 АҚШ долларына тауар сатып алған, кедендік ресімдеу құнындағы бағам

1 доллар үшін 375 теңге болған, есеп құжатын жазған кездегі доллар бағамы 380 теңге сомасын құрады. Бағамдық айырманы анықтаңыздар.

1) Тауарды сатып алғандағы бағамы- 375 теңге болғанда

Д ? К ? – _____

2) Төлем күніндегі төлем бағамы – 380 теңге болғанда

Д ? К? _____

3) Бағамдық айырманы анықтаңыздар (теріс немес оң)

Д ? К ? – _____ теңге.

Тапсырма жауабы:

1) Тауарды сатып алғандағы бағамы- 375 теңге
Д 1330 К3310 – 750 000теңге. (2000*375)

2) Төлем күніндегі төлем бағамы – 380 теңге
Д 3310 К 1030 – 760 000теңге (2000*380).

3) Бағамдық айырма (теріс) (760 000- 750 000=-10 000)
Д 7430 К 3310 – 10 000 теңге.

№ 8 Тапсырма.

Бағамдық айырма туындайтын жағдайлар:

Берілгені: Импорттық операциялар кезінде шикізатты сатып алу барысында шетелдік жеткізушілермен және мердігерлермен есеп айырысу кезіндегі ақша қаражаттарын аудару күндерінің арасында келісімшарттық құнның ұлттық валютадағы өзгерісін анықтаңыздар.

Отандық фирма 6000 АҚШ долларына шетелдік фирмдан шикізат сатып алған кезде кедендік ресімдеу құнындағы бағам 1 доллар үшін 381 теңге болған, есеп құжатын жазған кездегі

1 доллар үшін бағам- 378 теңге сомасын құрады. Бағамдық айырманы анықтаңыздар.

1) Шикізатты сатып алғандағы бағамы- 381 теңге болғанда

Д ? К ? – _____

2) Төлем күніндегі төлем бағамы – 378 теңге болғанда

Д ? К ? _____

3) Бағамдық айырманы анықтаңыздар (теріс немес оң)

Д ? К ? – _____ теңге.

Тапсырма жауабы:

1) Шикізатты сатып алғандағы бағамы- 381 теңге

Д 1330 К 3310 – 2 268 000 теңге. (6000*387)

2) Төлем күніндегі төлем бағамы – 378 теңге

Д 3310 К 1030 – 2 286 000 теңге (6000*378).

3) Бағамдық айырма (оң) (2 286 000 - 2 268 000 = +18 000)

Д 1030 К 6250 + 18 000 теңге.

2.2. Есеп беруге тиісті тұлғалармен есеп айырысу есебі

1200 - "Қысқа мерзімді дебиторлық берешек"-ді есепке алуға арналған шоттар

1200 Қысқа мерзімді дебиторлық берешек

1210 Сатып алушылар мен тапсырысшылардың қысқа мерзімді дебиторлық берешегі

1220 Еншілес ұйымдардың қысқа мерзімді дебиторлық берешегі

1230 Қауымдастырылған және бірлескен ұйымдардың қысқа мерзімді дебиторлық берешегі

1240 Филиалдар мен құрылымдық бөлімшелердің қысқа мерзімді дебиторлық берешегі

1250 Қызметкерлердің қысқа мерзімді дебиторлық берешегі

1260 Жалдау бойынша қысқа мерзімді дебиторлық берешек

1270 Өзге қысқа мерзімді дебиторлық берешек

1280 Қысқа мерзімді дебиторлық берешектің құнсыздануынан болатын залалға арналған бағалау резервтері

№1 Тапсырма. Сатып алушылар мен тапсырыс берушілердің дебиторлық берешегін есепке алу шаруашылық операциялар мазмұны бойынша шоттар корреспонденциясын жасаңыз.

№	Шаруашылық операциялар мазмұны	Дебет	Кредит
1.	Сатылған өнім үшін сатып алушыға шот ұсынылды		
2.	ҚҚС есептелді, өткізу бойынша айналымнан 12%		
3.	Сатып алушының берешегін қамтамасыз ету үшін вексель алынды		
4.	Вексель сомасынан есептелген сыйақы		
5.	Ағымдағы банктік шотқа сатып алушыдан дебиторлық берешек түсті		
6.	Акцизделетін тауарлар бойынша акциз есептелді		
	Ұзақ мерзімді активтерді сатудан кірісті есептеу:		
7.	- шарттық құнына		
8.	- ҚҚС сомасына		
	Сатып алушыларға баға бойынша жеңілдік беріледі:		
9.	- шарттық құнына		
10.	- ҚҚС сомасына		
	Сатып алушының өнімді қайтаруы:		
11.	- шарттық құнына		
12.	- ҚҚС сомасына		
13.	Сатып алушылар мен тапсырыс берушілердің дебиторлық берешегін өтеу есебіне бұрын алынған аванстарды есепке алу		
14.	Сатып алушылар мен тапсырыс берушілердің дебиторлық берешегі оң бағамдық айырмашылыққа ұлғайтылды		
15.	Валюта айырбастаудың нарықтық бағамының өзгеруі нәтижесінде сатып алушылар мен тапсырыс берушілердің дебиторлық берешегі азайды		

Есептің шешімі:

№	Шаруашылық операциялар мазмұны	Дебет	Кредит
1.	Сатылған өнім үшін сатып алушыға шот ұсынылды	1210,2110	6010
2.	ҚҚС есептелді, өткізу бойынша айналымнан 12%	1210,2110	3130
3.	Сатып алушының берешегін қамтамасыз ету үшін вексель алынды	1270,2170	1210,2110
4.	Вексель сомасынан есептелген сыйақы	1150,2050	6110
5.	Ағымдағы банктік шотқа сатып алушыдан дебиторлық берешек түсті	1030	1210,2110
6.	Акцизделетін тауарлар бойынша акциз есептелді	1210, 2110	3140
	Ұзақ мерзімді активтерді сатудан кірісті есептеу:		
7.	- шарттық құнына	1210, 2110	6210
8.	- ҚҚС сомасына	1210, 2110	3130
	Сатып алушыларға баға бойынша жеңілдік беріледі:		
9.	- шарттық құнына	6030	1210, 2110

10.	- ҚҚС сомасына	3130	1210, 2110
	Сатып алушының өнімді қайтаруы:		
11.	- шарттық құнына	6030	1210, 2110
12.	- ҚҚС сомасына	3130	1210, 2110
13.	Сатып алушылар мен тапсырыс берушілердің дебиторлық берешегін өтеу есебіне бұрын алынған аванстарды есепке алу	3510	1210, 2110
14.	Сатып алушылар мен тапсырыс берушілердің дебиторлық берешегі оң бағамдық айырмашылыққа ұлғайтылды	1210, 2110	6250
15.	Валюта айырбастаудың нарықтық бағамының өзгеруі нәтижесінде сатып алушылар мен тапсырыс берушілердің дебиторлық берешегі азайды	7430	1210, 2110

№2 Тапсырма. Дебиторлық берешекті есепке алу және болашақ кезеңдердің шығыстарын есепке алу шаруашылық операциялар мазмұны бойынша шоттар корреспонденциясын жасаңыз.

№	Шаруашылық операциялар мазмұны	Дебет	Кредит
1.	Қаржылық инвестициялар, берілген қарыздар, алынған вексельдер бойынша есептелген сыйақы		
2.	Есептелген дивидендтер бойынша сыйақы есептелді		
3.	Қаржылық жалдау бойынша есептелген сыйақы		
4.	Есептелген сыйақылар бойынша дебиторлық берешек өтелді		
5.	Жеткізушілер мен мердігерлерге шағымдар қойылды		
6.	Ағымдағы банктік шоттан қате есептен шығарылған соманы көрсету		
7.	Шарттық міндеттемелерді сақтамағаны үшін өнім берушілерден өндіріп алынатын айыппұлдардың, өсімпұлдардың және тұрақсыздық айыбының сомалары		
8.	Ұсынылған наразылықтар бойынша ақша қаражатының түсуі		
9.	Сақтандыру шарты бойынша сақтандыру сыйлықақысын төлеу		
10.	Сақтандыру шартына сәйкес сақтандыру компаниясының пайдасына сақтандыру сыйлықақысы есептелді		
11.	Ағымдағы банктік шоттан сақтандырушыға сақтандыру сыйлықақысы аударылды		
12.	Есепті кезеңде сақтандыру бойынша шығыстарды тану		
13.	Алдағы жылға мерзімді басылымдарға жазылу рәсімделді		
14.	Жазылу құны ағымдағы банктік шоттан аударылды		
15.	Ағымдағы айға жазылу бойынша шығыстар есептен шығарылды		

Есептің шешімі:

№	Шаруашылық операциялар мазмұны	Дебет	Кредит
1.	Қаржылық инвестициялар, берілген қарыздар, алынған вексельдер бойынша есептелген сыйақы	1150, 2050	6110

2.	Есептелген дивидендтер бойынша сыйақы есептелді	1150, 2050	6120
3.	Қаржылық жалдау бойынша есептелген сыйақы	1150, 2050	6130
4.	Есептелген сыйақылар бойынша дебиторлық берешек өтелді	1010,1030	1150, 2050
5.	Жеткізушілер мен мердігерлерге шағымдар қойылды	1270	6280
6.	Ағымдағы банктік шоттан қате есептен шығарылған соманы көрсету	1270	1030, 1050, 1080
7.	Шарттық міндеттемелерді сақтамағаны үшін өнім берушілерден өндіріп алынатын айыппұлдардың, өсімпұлдардың және тұрақсыздық айыбының сомалары	1270	6160
8.	Ұсынылған наразылықтар бойынша ақша қаражатының түсуі	1010, 1030, 1080	1270
9.	Сақтандыру шарты бойынша сақтандыру сыйлықақысын төлеу	3310	1030
10.	Сақтандыру шартына сәйкес сақтандыру компаниясының пайдасына сақтандыру сыйлықақысы есептелді	1720	3310
11.	Ағымдағы банктік шоттан сақтандырушыға сақтандыру сыйлықақысы аударылды	3310	1030
12.	Есепті кезеңде сақтандыру бойынша шығыстарды тану	7210	1720
13.	Алдағы жылға мерзімді басылымдарға жазылу рәсімделді	1720	3310
14.	Жазылу құны ағымдағы банктік шоттан аударылды	3310	1030
15.	Ағымдағы айға жазылу бойынша шығыстар есептен шығарылды	7210	1720

№3 Тапсырма.

Тапсырма мақсаты: Есеп беруге тиісті тұлғалармен есеп айырысу жүзеге асырылуын қарастыру, шоттар корреспонденциясын құру қызметтік іс сапар күәлігін және аванстық есепті толтыру.

Берілген мәліметтер:

«“ProfiТранс- KZ”» (БИН: 040140001078, ИИК: KZ 168560000000476654, БИК: КСJBKZKX) ЖШС-нің директоры Колмаз А.Б. 15.08.2019 жылы №12 бұйрықпен бекітті.

Мажитова Қ.Р. Алматы қаласына қызметтік іс сапарға 3-күнге жіберілді. (ИИН 821119301119 күәлік №02447950 берілді ҚР ІІМ берілген 11.10.2013ж)

Бухгалтер- Крукликова Алеся Александровна

Семей қаласынан шықты- 18 тамыз 2019 жылы

Алматы қаласына келді- 19 тамыз 2019 жылы

Алматы қаласынан Семей қаласына шықты- 21 тамыз 2019 жылы

Семей қаласына келді - 21 тамыз 2019 жылы

Келген соң 25 тамызға 2019 жылға №2 аванстық есеп берілді, шығындарды растайтын 5 құжат оған тіркелді

Темір жол билеті ақысы Семей- Алматы, билет құны- 9700 .

Ұшақ билеті- Алматы- Семей, билет құны - 22200 тенге.

Тәуліктік 19 нен 21 тамыз аралығы 2019 жылы (5АЕК берілді), тәуліктік пәтер құны 8000 тенге, басқа да шығындар- 60 000 тенге (растайтын құжаттар-түбіртектері бар).

Құжаттарды келесі сілтеме бойынша жүктеп алыңыз:

Құжат атауы	Сілтеме:
Бұйрық (іссапарға жіберу туралы)	https://cloud.mail.ru/public/4sd4/gq8PirQrD
Іс сапар күәлігі	https://cloud.mail.ru/public/nEWd/oCKwyT9wH
Аванстық есеп	https://cloud.mail.ru/public/e6CD/SHRtUm7HD

2.3. Негізгі құралдар мен материалдық емес активтер есебі

2400 - "Негізгі құралдар" және 2700 «Материалдық емес активтер»-ді есепке алуға арналған шоттар

- 2410 Негізгі құралдар
- 2420 Негізгі құралдардың амортизациясы
- 2430 Негізгі құралдардың құнсыздануынан болатын залалға арналған бағалау резерві
- 2440 Активті пайдалану құқығы
- 2450 Активті пайдалану құқығының амортизациясы
- 2460 Активті пайдалану құқығының құнсыздануынан болатын залал
- 2700 Материалдық емес активтер
- 2710 Гудвилл
- 2720 Гудвиллдің құнсыздануы
- 2730 Өзге материалдық емес активтер
- 2740 Өзге материалдық емес активтердің амортизациясы
- 2750 Өзге материалдық емес активтердің құнсыздануынан болатын залалға арналған бағалау резерві
- 2760 Активті пайдалану құқығы
- 2770 Активті пайдалану құқығының амортизациясы
- 2780 Активті пайдалану құқығының құнсыздануынан болатын залалға арналған бағалау резерві

№1 Тапсырма.

Мақсаты – НҚ-ды қабылдау-тапсыру актісін және мүліктік карточканы толтыру.

1) Шарты: қабылдау-тапсыру актісін толтыру келесі мәліметтер негізінде: ЖШС «Цемент зауыты» директоры Айкельев С.С. қаулысымен №43 19.03.2018 ж. арнайы машинаны қабылдау үшін комиссия құрылды (БИН: 021240000022, ЖСН: 600800503034, ИИК: KZ 789260301136751000)

Комиссия мүшелері: төрағасы- бас механик Жайлаубаев К.Д., комиссия мүшелері- инженер Петрова Д.С., цех бөлімі басшысы Конысбекова А.К.

Шығу уақыты- 2001 зауыттық номері 47317, паспорт номері АБ 49376, бастапқы сатып алу құны 521500 тенге. Жұмысқа кіріседі 19.03.2018

Объект сипаттамасы: дайын өнімді дайындауға қажет машина, өнімділігі 19 куб.м./ сағ, двигатель қуаты 40 квт, көлемі 4700*1900*1340. Комиссия

шешімі бойынша машина жұмыс істеуге дайын , қорытынды: арнайы машина жұмысқа жарамды

Объектіні цех басшысы қабылдады, мастер өткізді Игенбаев А.К.

2) Шарты: мүліктік карточканы толтыру келесі мәліметтер негізінде: НҚ-ды қабылдау-тапсыру актісі №2 от 19.03.2018ж. бекітілген ЖШС «Цемент зауыты» директорымен, НҚ-ды қабылдау-тапсыру актісі негізінде бухгалтерия машинаға инвентарлық номер тағайындады 09715.

Бас бухгалтер Казыбаева Б.А мүліктік карточканы толтырды 20.03.2018

Құжаттарды келесі сілтеме бойынша жүктеп алыңыз:

Құжат атауы	Сілтеме:
НҚ-ды қабылдау-тапсыру актісі	https://cloud.mail.ru/public/zJzv/HKN7FD8WS
Мүліктік карточка	https://cloud.mail.ru/public/tuNF/rFYUWmtY2

№2 Тапсырма. Негізгі құралдарды есепке алу шаруашылық операциялар мазмұны бойынша шоттар корреспонденциясын жасаңыз.

№	Шаруашылық операциялар мазмұны	Дебет	Кредит
1.	Ұйымның өз күшімен (шаруашылық немесе мердігерлік тәсілмен)салынған ғимараттардың бастапқы құнын көрсету		
2.	Негізгі құралдарды күрделі жөндеу және жаңғырту бойынша шығындарды жатқызу.		
	Негізгі құралдарды сатып алу:		
3.	- берілген есеп беру сомаларының есебінен;		
4.	- ұйымдардан;		
5.	- жеке тұлғалардан;		
6.	- құрылтайшыдан		
7.	Түгендеу кезінде анықталған есепке алынбаған негізгі құралдарды кіріске алу		
	Негізгі құралдарды істен шығару кезінде есептен шығару:		
8.	- қалдық баланстық құн сомасына;		
9.	- есептелген тозу сомасына.		
10.	Негізгі құралдарды бөлшектеу кезінде алынған материалдар кіріске алынды		
	Негізгі құралдардың есептелген тозуы (шығындар бағыттары бойынша):		
11.	- жүзеге асыру процесінде пайдаланылатын негізгі құралдар;		
12.	- негізгі өндірісте қолданылатын негізгі құралдар;		
13.	- әкімшілік мақсатта қолданылатын негізгі құралдар.		

Есептің шешімі:

№	Шаруашылық операциялар мазмұны	Дебет	Кредит
1.	Ұйымның өз күшімен (шаруашылық немесе мердігерлік тәсілмен)салынған ғимараттардың бастапқы құнын көрсету	2410	2930
2.	Негізгі құралдарды күрделі жөндеу және жаңғырту	2410	2920

	бойынша шығындарды жатқызу.		
	Негізгі құралдарды сатып алу:		
3.	- берілген есеп беру сомаларының есебінен;	2410	1251
4.	- ұйымдардан;	2410	3310
5.	- жеке тұлғалардан;	2410	3390
6.	- құрылтайшыдан	2410	5110
7.	Түгендеу кезінде анықталған есепке алынбаған негізгі құралдарды кіріске алу	2410	6280
	Негізгі құралдарды істен шығару кезінде есептен шығару:		
8.	- қалдық баланстық құн сомасына;	7410	2410
9.	- есептелген тозу сомасына.	2420	2410
10.	Негізгі құралдарды бөлшектеу кезінде алынған материалдар кіріске алынды	1350	6280
	Негізгі құралдардың есептелген тозуы (шығындар бағыттары бойынша):		
11.	- жүзеге асыру процесінде пайдаланылатын негізгі құралдар;	7110	2420
12.	- негізгі өндірісте қолданылатын негізгі құралдар;	8410	2420
13.	- әкімшілік мақсатта қолданылатын негізгі құралдар.	7210	2420

№3 Тапсырма. Негізгі құралдарды жалға алуды есепке алу шаруашылық операциялар мазмұны бойынша шоттар корреспонденциясын жасаңыз.

№	Шаруашылық операциялар мазмұны	Дебет	Кредит
	Жалға берушіде:		
1.	Жабдық операциялық жалға берілді		
2.	Ағымдағы шоттан жабдықты сақтандыру төленді		
3.	Ағымдағы банктік шотқа жалдау бойынша алдын ала төлем түсті		
4.	Жал бойынша есептелген кіріс:		
5.	а) шарттық құнына;		
6.	б) ҚҚС сомасына		
7.	Жалға алушының берешегін өтеуге бұрын түскен жалдау ақысын есепке алу		
8.	Ағымдағы айға жалдау ақысының түсуі		
9.	Жабдық бойынша тозуды ай сайын есептеу (жалдау бойынша)		
10.	Операциялық жалға алынған мүлікті сақтандыру бойынша шығыстарға алдын ала төленген сақтандыруды ай сайын есептен шығару		
	Негізгі құралдарды шаруашылық әдіспен жөндеуді есепке алу		
11.	Негізгі құралдарды жөндеуге жіберілген материалдардың құнына		
12.	Жөндеумен айналысатын қызметкерлерге есептелген жалақы		
13.	Еңбекақыдан аударымдар жүргізілді-Әлеуметтік салық және әлеуметтік аударымдар есептелді		
14.	Жөндеу бойынша шығыстарға жатқызылған үстеме шығыстардың үлесі		

15.	Жөндеу цехының негізгі құралдарын жөндеу бойынша шығындар анықталды		
	Негізгі құралдарды жөндеу бойынша шығындар қабылданды (есептен шығарылды):		
16.	- жалпы және әкімшілік шығыстарға;		
17.	- сату бойынша шығыстарға (өнімді сақтауға және өткізуге қызмет көрсететін бөлімшелер үшін орындалған жұмыстар);		
18.	- негізгі өндіріс цехтары.		

Есептің шешімі:

№	Шаруашылық операциялар мазмұны	Дебет	Кредит
	Жалға берушіде:		
1.	Жабдық операциялық жалға берілді	2410/2	2410/1
2.	Ағымдағы шоттан жабдықты сақтандыру төленді	1720	1030
3.	Ағымдағы банктік шотқа жалдау бойынша алдын ала төлем түсті	1030	3510
4.	Жал бойынша есептелген кіріс:		
5.	а) шарттық құнына;	1260	6260
6.	б) ҚҚС сомасына	1260	3130
7.	Жалға алушының берешегін өтеуге бұрын түскен жалдау ақысын есепке алу	3510	1260
8.	Ағымдағы айға жалдау ақысының түсуі	1030	1260
9.	Жабдық бойынша тозуды ай сайын есептеу (жалдау бойынша)	7450	2420
10.	Операциялық жалға алынған мүлікті сақтандыру бойынша шығыстарға алдын ала төленген сақтандыруды ай сайын есептен шығару	7450	1720
	Негізгі құралдарды шаруашылық әдіспен жөндеуді есепке алу		
11.	Негізгі құралдарды жөндеуге жіберілген материалдардың құнына	8311	1310
12.	Жөндеумен айналысатын қызметкерлерге есептелген жалақы	8312	3350
13.	Еңбекақыдан аударымдар жүргізілді-Әлеуметтік салық және әлеуметтік аударымдар есептелді	8313	3150, 3210,3230
14.	Жөндеу бойынша шығыстарға жатқызылған үстеме шығыстардың үлесі	8314	8410
15.	Жөндеу цехының негізгі құралдарын жөндеу бойынша шығындар анықталды	8310	8311–8314
	Негізгі құралдарды жөндеу бойынша шығындар қабылданды (есептен шығарылды):		
16.	- жалпы және әкімшілік шығыстарға;	7210	8310
17.	- сату бойынша шығыстарға (өнімді сақтауға және өткізуге қызмет көрсететін бөлімшелер үшін орындалған жұмыстар);	7110	8310
18.	- негізгі өндіріс цехтары.	8410	8310

Негізгі құралдардың амортизациясын есептеудің әртүрлі әдістері бар, олар:

- 1) бірдей етіп бөлу әдісі;
- 2) өндірістік әдіс
- 3) жеделдетіп аудару әдісі:
 - кумулятивтік әдіс
 - қалдықты азайту әдісі

Мысал:

1) Құнды бірдей етіп бөлу Бұл әдіс бойынша амортизация сомасы келесі формула бойынша есептеледі:

Бастапқы құн — жойылу құны/ Пайдалану мерзімі

Мысалы, НҚ бастапқы құны 100000, жойылу құны 10000, пайдалану мерзімі 5 жыл

$$10000 - 10000/5 = 18000$$

2) Өндірістік әдіс - амортизацияны орындалған жұмыстардың көлеміне пропорционалды түрде есептеу әдісі. Негізгі НҚ пайдалану мерзімі ескерілмейді.

Бастапқы құн жойылу құны/ Орындалатын жұмыстың көлемі

Мысалы, НҚ бастапқы құны 100000, жойылу құны 10000, өндірістік қуаттылығы 5000 өнім.

$$100000 - 10000/5000 = 18 \text{ (1 өнімге келетін амортизация сомасы)}$$

1 жылы – 2000, 2 жылы – 1500, 3 жылы – 1000, 4 жылы – 500 өнім өндірілген Жыл сайынғы амортизация сомасы былай есептеледі.

Жылдар	Жыл сайынғы амортизация сомасы
	$2000 * 18 = 36000$
	$1500 * 18 = 27000$
	$1000 * 18 = 18000$
	$500 * 18 = 9000$
Барлығы	

Өндірістік әдіс бойынша амортизацияны есептеу тау-кен өнеркәсібінде ең қолайлы әдіс болып саналады.

3) Жеделдетіп аудару әдісі. Бұл әдіс өндірілетін өнімнің өзіндік құнын негізсіз күрт өсіреді, сондықтан оны іс жүзінде пайдаланудың өзі екіталай.

а) Кумулятивтік әдісі

Кумулятивтік әдіс — латын тілінен аударғанда — өсу, жиналу деген мағынаны білдіреді. Ең алдымен, куммулятивті санды анықтау қажет. Бұл сан НҚ қызмет ету мерзіміндегі жылдар санын қосу арқылы анықталады. Немесе келесі формула арқылы есептеледі: $S = N * (N + 1) / 2$,

Мысалы, НҚ пайдалану мерзімі 5 жыл болса, онда куммулятивті сан $1 + 2 + 3 + 4 + 5 = 15$ немесе $5 * (5 + 1) / 2 = 15$ болады. Есептік коэффициент 1 жыл үшін – $5/15$, 2 жыл үшін $4/15$, 3 жыл үшін $3/15$, 4 жыл үшін $2/15$, 5 жыл үшін $1/15$ болады.

Негізгі құралдардың амортизациясын кумулятивтік әдіс бойынша есептеу

жылдар	Амортизациялық құны	Амортизация есептеу әдісі	жылдық амортизация сомасы
2015	90 000	5/15x90000	30000
2016	90 000	4/15x90000	24000
2017	90 000	3/15x90000	18000
2018	90 000	2/15x90000	12000
2019	90 000	1/15x90000	6000
Барлығы	-	-	

Қалдықты азайту әдісі. Оны екі еселенген амортизациялау нормасын қолдану арқылы есептейді. *Мысалы,* жоғарыда айтылған автокөліктің қызмет ету (пайдалану) мерзімі 5 жыл. Бірқалыпты үлестіру әдісінде амортизациялау нормасы 20 % болады (100%/5).

Екі еселенген нормасымен есептелініп, азайып отыратын қалдық, әдісінде амортизациялау нормасы мынаған тең 40% (20%x2) болады. Бұл белгіленген ставка (40%) қалдық құнға әрбір жылдың соңында жатқызылады.

Қалдық құнды азайту үшін қажетті шамамен шектелетін соңғы жылды қоспағанда, тозуды есептеген кезде жойылу құны есепке алынбайды деп саналады. НҚ бастапқы құны 100000 теңге. Бес жыл бойы амортизация мынадай мөлшерде есептелінеді.

Жинақталған жылдық амортизация сомасының жиынтығы

Жылдар	Жыл басындағы бастапқы құны	Амортизация нормасы	Амортизация есептеу әдісі	Есептелген амортизация сомасы	Жыл соңындағы баланстық құны
2015	100000	40%	40%x 100000	40000	60000
2016		40%	40%x60000	24000	36000
2017		40%	40%x36000	14000	21600
2018		40%	40%x21600	8640	12960
2019		40%	40%x 12960	5184	7776

№4 Тапсырма. Берілгені: Негізгі құралдың бастапқы құны – 500 000, пайдалану мерзімі 7 жыл, жойылу құны 68000, өндірістік қуаттылығы 15000 өнім. (1 жылы – 5000, 2 жылы – 4000, 3 жылы – 3000, 4 жылы – 2000, жылы – 1000 өнім өндірілген)

Талап етіледі: НҚ-ң амотизациясын құнды бірдей етіп бөлу, өндірістік, кумулятивтік, қалдықты азайту әдістері арқылы есептеңіз.

Есептің шешімі:

1) Құнды бірдей етіп бөлу

500 000-68000/7=61714

2) Өндірістік әдіс

500 000-68 000/15000=29 (1 өнімге келетін амортизация сомасы)

1 жылы – 5000, 2 жылы – 4000, 3 жылы – 3000, 4 жылы – 2000, 5 жыл-1000 өнім өндірілген

Жыл сайынғы амортизация сомасы былай есептеледі.

Жылдар	Жыл сайынғы амортизация сомасы
	5000*29=145000
	4000*29=116000
	3000*29=87000
	2000*29=58000
	1000*29=29000

3) Кумулятивтік әдісі

1+2+3+4+5+6+7=28 немесе $7*(7+1)/2=28$ болады.

Негізгі құралдардың амортизациясын кумулятивтік әдіс бойынша есептеу

Жылдар	Амортизациялық құны	Амортизация есептеу әдісі	жылдық амортизация сомасы
2013	432000	7/28x432000	108000
2014	432000	6/28x432000	92571
2015	432000	5/28x432000	77143
2016	432000	4/28x432000	61714
2017	432000	3/28x432000	46286
2018	432000	2/28x 432000	30857
2019	432000	1/28x 432000	15429
	-	-	

4) Қалдықты азайту әдісі.

Жинақталған жылдық амортизация сомасының жиынтығы

Жылдар	Жыл басындағы бастапқы құны	Амортизация нормасы	Амортизация есептеу әдісі	Есептелген амортизация сомасы	Жыл соңындағы баланстық құны
2013	500000	29%	29%x 500000	145000	355000
2014		29%	29%x355000	102950	252050
2015		29%	29%x252050	73094,5	178955,5
2016		29%	29%x178955,5	51897,1	127058,4
2017		29%	29%x 127058,4	36846,9	90211,5
2018		29%	29%x90211,5	26161,3	64050,2
2019		29%	29%x 64050,2	18574,6	45475,6

№5 Тапсырма.

Мақсаты – МЕА-ді қабылдау-тапсыру актісімен танысу

Шарты: қабылдау-тапсыру актісін толтыру келесі мәліметтер негізінде: ЖШС «“Profi KZ”» директоры Рафиков Фархат Зульфугарович қаулысымен №7 01.05.2019 ж. «1С:Бухгалтерия» 8.3 бағдарламасын келісім шарт негізінде сатып алды.

Қабылдап алды: ЖШС «“Profi KZ”» (БИН: 040140001078, ИИК:KZ 789260301135461000)

Тапсырды: «Стар» ЖШС (БИН 060940005688) директоры- Орлова Галина Борисовна

МЕА шығу уақыты - 01.01.2017, бастапқы сатып алу құны 800500 тенге, бағалау құны бастапқы құнымен қабылданды. Пайланау мерзімі 01.01.2017-01.01.01.2025 жж. Жылдық амортизация мөлшері -10 пайыз.

ЖШС-қа МЕА-ті қабылдау негізі – бухгалтерлік есепті жүргізу үшін қажет.

МЕА сипаттамасы: Қызмет көрсетуші «1С:Бухгалтерия» 8.3 бухгалтерлік есеп жүйесін сүйемелдеу бойынша қызметін тапсырыс берушінің өтініші бойынша күн сайын актуальды режимде қамтамасыз етеді, бухгалтерлік және салық есебін автоматтандыруға арналған.

Тапсырды: «Стар» ЖШС-нің ІТ –маманы Мадамилов Д.Қ

Қабылдады: ЖШС-ң бағдарламашы маманы: Садуақасов Е.Е

МЕА қабылдау-тапсыру актісі негізінде бухгалтерия машинаға инвентарлық номер тағайындады 09715.

Бас бухгалтер: Мануковская Ольга Петровна МЕА есепке алу карточкасын толтырды 03.05.2019

Тапсырма: МЕА есепке алу карточкасын, МЕА-ді қабылдау-тапсыру актісін толтырыңыз. (сілтеме: <https://cloud.mail.ru/public/J8Lb/sL5k2z8Fg>)

№ 6 Тапсырма.

Берілгені:

Компания басқа компания әзірлеген патентке құқық алды. Құқық үшін төлем сомасы дереу төлеуге жататын 890 мың теңгені және бір жылдан кейін төлеуге жататын 1 130 мың теңгені құрады. Құқықтарды сатып алу кезінде қосымша шығыстар пайда болды:

- 28 мың теңге сомаға заңды ресімдеуге;

- 6,5 мың теңге сомасына патенттік құқықтарды тіркеу үшін.

Компания капиталының құны 13% құрайды.

Материалдық емес активтің бастапқы құнын анықтаңыз.

Есептің шешімі:

Материалдық емес активтің өзіндік құнына бастапқы тану кезінде мынадай шығындар кіреді:

-төленген ақша қаражатының сомасы-890 мың теңге;

-дисконтталған құн бойынша анықталған кейінге қалдырылған міндеттеме сомасы -1 000 мың теңге ($1\ 130\ мың\ теңге \times (1 / (1 + 0,13)^1) = 1\ 000\ мың\ теңге$);

(Дисконтталған құн ағымдағы немесе келтірілген құн ретінде қарастырылады. Анықтау үшін келесі формуланы пайдаланамыз. $DF = 1 / (1+K)^n$)

Мұндағы: DF - Дисконтталған құн, K — салынған капиталдың табыстылықтың нормасы

n— қанша жылдағы құнын анықтау

- заңды рәсімдеу шығындары-28 мың теңге;

- патенттік құқықтарды тіркеу шығындары-6,5 мың теңге.

Материалдық емес активтің өзіндік құнының жиыны-1 924,5 мың теңге (890 + 1 000 + 28 + 6,5).

Шаруашылық операциялар мазмұны

Шаруашылық операция мазмұны	Сомасы, теңге	Дебет	Кредит
Материалдық емес активті сатып алу:			
Сатып алу құнына	1 890 (890 + 1 000)	2730	3310
Материалдық емес активтің бастапқы құны ұлғайтылды			
- заңды рәсімдеуге арналған шығыстар	28	2730	3310
- патенттік құқықтарды тіркеуге арналған шығыстар	6,5	2730	3390

№7 Тапсырма.

Берілгені: Келтірілген деректер бойынша материалдық емес активтерді есепке алу карточкасын толтыру.

(сілтеме: <https://cloud.mail.ru/public/NWjF/zSuXRhebq>)

Деректер:

ЖШС "Мастер" ұйымы (БИН: 040530001084) №4 15.03.2018 ж. актісі бойынша материалдық емес активтер объектілі бухгалтерлік есепке қабылдады: компьютерлік бағдарлама "ФинМастер". Материалдық емес активтер объектісі ұйымның қызметінде пайдалануға арналған, атап айтқанда бухгалтерияға сатып алынған. Бағдарлама ұйымның бухгалтерлік есебін оның жұмысының ерекшелігін ескере отырып автоматтандыруға арналған.

Материалдық емес активтерге айрықша авторлық құқық "Финансгрупп" компаниясынан 11.03.2018 ж. № 81-164/11 шарт бойынша берілді. Материалдық емес актив құны-270000 тг, пайдалы қолдану мерзімі – 5 жыл, амортизация нормасы – 20%. № 1 есеп карточкасын материалдық емес активтердің сақталуына жауапты бухгалтер Тоқтарбекова Нургуль Амантаевна толтырды.

№8 Тапсырма.

Материалдық емес активтердің түгендеу тізімдемесін толтыру (сілтеме: <https://cloud.mail.ru/public/bKsY/aZzqWghfW>) №7-тапсырманы негізге алу қажет.

Жұмысты орындау үшін деректер.

"Мастер" ЖШС (БИН: 040530001084) түгендеу комиссиясы 2018 жылғы 1 қарашада Бас директордың Сағынтаев Ж.М 2018 жылғы 25 қазандағы № 150 бұйрығы негізінде ұйым бухгалтериясындағы материалдық емес активтерге түгендеу жүргізді. Комиссия құрамында (бас бухгалтер Тоқтарбекова Н.М., бағдарламашы- Жангазин П.К., Қаржыгер- Иванов С.К)

Материалдық емес активтерді түгендеу кезінде комиссия тексерді:

- ұйымның оларды пайдалану құқығын растайтын құжаттардың болуы;
- есепте материалдық емес активтердің дұрыс және уақтылы көрсетілуі.

Түгендеу жүргізу нәтижесінде келіп түскен ұйымға МЕА-ке 01.11.2018 ж. № 12 тізімдеме ресімделген.

Материалдық емес актив ұйымның меншігінде болады. Материалдық жауапты тұлға-Аникеева О. Ю. Түгендеуді бұйрықта көрсетілген құрамда комиссия жүргізді. Түгендеу нәтижелері бойынша кем шығулар мен артық шығулар табылған жоқ. Тізімдемеде көрсетілген деректер мен есептерді бухгалтер тексерді.

№ 9 Тапсырма.

Мақсаты – әр түрлі әдістер арқылы МЕА-ді амортизациясын есептеу

Берілгені: Кәсіпорынның өтеусіз алған материалдық емес активінің нарықтық құны қабылдау күні 185 000 теңгеге тең болды. Жою құны -20000. Пайдалану мерзімі 5-жыл.

Табу керек: Бірдей етіп бөлу және кумулятивтік әдістері арқылы жылдық және бір айлық амортизацияны есептеңіз.

Есептің шешімі:

Бірдей етіп бөлу әдісі:

$185\ 000 - 20\ 000 / 5 = 33\ 000$ (жылдық амортизация)

$33\ 000 / 12 = 2\ 750$ (айлық амортизация)

Кумулятивтік әдісі

$1 + 2 + 3 + 4 + 5 = 15$ немесе $5 * (5 + 1) / 2 = 15$ болады.

Негізгі құралдардың амортизациясын кумулятивтік әдіс бойынша есептеу

Жылдар	Амортизациялық құны	Амортизация есептеу әдісі	амортизация сомасы	
			жылдық	1 айлық
1 жыл	165000	$5/15 \times 165000$	55000	4583,3
2 жыл	165000	$4/15 \times 165000$	44000	3666,6
3 жыл	165000	$3/15 \times 165000$	33000	2750
4 жыл	165000	$2/15 \times 165000$	22000	1833,3
5 жыл	165000	$1/15 \times 165000$	11000	916,6
	-	-		

№10 Тапсырма. Материалдық емес активтерді сатып алу шаруашылық операциялар мазмұны бойынша шоттар корреспонденциясын жасаңыз.

№	Шаруашылық операциялар мазмұны	Дебет	Кредит
	берілген есеп беру сомаларының есебінен:		

1.	- сатып алу құнына;		
2.	- ҚҚС сомасына;		
	еншілес, қауымдасқан және бірлескен ұйымдардан:		
3.	- сатып алу құнына;		
4.	- ҚҚС сомасына;		
	жеке тұлғалардан және ұйымдардан материалдық емес активтерді сатып алу:		
5.	- сатып алу құнына;		
6.	- ҚҚС сомасына;		
7.	Жеке тұлғалар мен ұйымдардан материалдық емес активтердің (гудвилден басқа) өтеусіз түсуі		
8.	Жарғылық капиталға салым ретінде материалдық емес активтерді алу		
9.	Алынған гудвилдің көрсету		
	Материалдық емес активтерді құру кезіндегі шығыстарды көрсету:		
10.	- материалдық емес активтерді құруға арналған материалдарды есептен шығару;		
11.	- жалақы есептеу;		
12.	- әлеуметтік салықты және әлеуметтік сақтандыруға аударымдарды есептеу;		
13.	- МЕА құру кезінде тұтынылған қызметтер бойынша шығыстарды көрсету;		
14.	- басқа шығындардың көрінісі.		
15.	Құрылған материалдық емес актив кіріске алынды		
	Қатысты басқа да материалдық емес активтер бойынша амортизацияны есептеу:		
16.	- аяқталмаған құрылыс құнына;		
17.	- дайын өнімді (тауарларды, жұмыстарды, қызметтерді) өткізуге;		
18.	- жалпы және әкімшілік шығыстарға;		
19.	- жалдау бойынша шығыстарға.		
20.	Шығарылған басқа да материалдық емес активтер бойынша амортизацияны есептен шығару		

Есептің шешімі:

№	Шаруашылық операциялар мазмұны	Дебет	Кредит
	берілген есеп беру сомаларының есебінен:		
1.	- сатып алу құнына;	2730	3310
2.	- ҚҚС сомасына;	1420	3310
	еншілес, қауымдасқан және бірлескен ұйымдардан:		
3.	- сатып алу құнына;	2730	3320, 3330
4.	- ҚҚС сомасына;	1420	3320, 3330
	жеке тұлғалардан және ұйымдардан материалдық емес активтерді сатып алу:		
5.	- сатып алу құнына;	2730	3380, 3310
6.	- ҚҚС сомасына;	1420	3380, 3310
7.	Жеке тұлғалар мен ұйымдардан материалдық емес активтердің (гудвилден басқа) өтеусіз түсуі	2730	6220, 6230
8.	Жарғылық капиталға салым ретінде материалдық емес	2730	5110

	активтерді алу		
9.	Алынған гудвиллдің көрсету	2710	3310
	Материалдық емес активтерді құру кезіндегі шығыстарды көрсету:		
10.	- материалдық емес активтерді құруға арналған материалдарды есептен шығару;	2930	1310, 1350
11.	- жалақы есептеу;	2930	3350
12.	- әлеуметтік салықты және әлеуметтік сақтандыруға аударымдарды есептеу;	2930	3150, 3210
13.	- МЕА құру кезінде тұтынылған қызметтер бойынша шығыстарды көрсету;	2930	3310
14.	- басқа шығындардың көрінісі.	2930	2420, 2740, 3380
15.	Құрылған материалдық емес актив кіріске алынды	2730	2930
	Қатысты басқа да материалдық емес активтер бойынша амортизацияны есептеу:		
16.	- аяқталмаған құрылыс құнына;	2930	2740
17.	- дайын өнімді (тауарларды, жұмыстарды, қызметтерді) өткізуге;	7110	2740
18.	- жалпы және әкімшілік шығыстарға;	7210	2740
19.	- жалдау бойынша шығыстарға.	7450	2740
20.	Шығарылған басқа да материалдық емес активтер бойынша амортизацияны есептен шығару	2740	2730

2.4. Тауарлы-материалдық қорлар есебі

1300 - "Тауарлы-материалдық қорлар"-ды есепке алуға арналған шоттар

- 1300 Қорлар
- 1310 Шикізат және материалдар
- 1320 Дайын өнім
- 1330 Тауарлар
- 1340 Аяқталмаған өндіріс
- 1350 Өзге қорлар
- 1360 Қорлардың құнсыздануынан болатын залалға арналған бағалау резервтері
- 1370 Қорларды қайтару құқығы бар актив

№1 Тапсырма. Тапсырманың мақсаты-материалдардың ішкі орын ауыстыруына арналған накладнойды, қорларды қабылдау актісін жасау тәртібін меңгеру.

Тапсырма шарты. 1300 материалдар шоты бойынша мәліметтерге сүйеніп құжаттарды толтыру *Шешім үшін бастапқы деректер*

1. "Цемент" ААҚ (ОКПО 45803126; ИНН 511023069001)» АҚ "Қазмұнай ГАЗ»-дан (ОКПО 45803155; ИНН 62102506911)»

№	Атауы	Номенклатуралық	саны, кг	құны, тенге
---	-------	-----------------	----------	-------------

		номер		
1	Отын	103215	2000	155
2	Керосин КО- 30	103220	300	190
3	Май МК- 8	103223	50	1000

Қойма меңгерушісі С. Х. Кошкинбаев келісімін берді, материалдарды №1 цех бойынша қоймашы А. С. Дарынов жіберді, бас бухгалтер А. П. Сатиева тексерді, материалдарды №3 цех бойынша қоймашы К. В. Жунусова қабылдап алды.

Құжаттарды келесі сілтеме бойынша жүктеп алыңыз:

Құжат атауы	Сілтеме:
Қорларды қабылдау актісі	https://cloud.mail.ru/public/ZUiW/LQm6W3oZy
Қорлардың ішкі орын ауыстыруына арналған накладной	https://cloud.mail.ru/public/gwqg/qshnXGjgP
Қорларды басқа жаққа жіберуге арналған жүкқұжат	https://cloud.mail.ru/public/uA1B/sgaNZHneS

№2 Тапсырма

Берілгені: №127 Материалдарды қоймада есептеу карточкасын төмендегі берілгендер негізінде толтырындар Қойма-01, стеллаж-10, материал атауы-руберойд маркасы РК-420, 1-сұрып, өлшем бірлігі-м², номенклатуралық номер-071311, 1 м² бағасы-519 теңге, қоймадағы қордың молшері-2000 м². 1 желтоқсанға қалдығы- 2400 м²

Руберойд қозғалысы туралы мәлімет

Жазу күні	Құжат №	Жыл басынан жазудың реттік №	Кімнен алынды н/е кімге босатылды	Кіріс	Шығыс
10.12	142	44	Құрылыс бөлімінде		17000
15.12	143	45	Жадықтау базасынан	21000	
17.12	145	46	№1 бөлімге		2000
25.12	147	47	Жөндеу шеберханасына		1200

Бухгалтер 1-желтоқсан және 30-желтоқсанда қоймада жазуды тексеріп және құжаттарды қабылдады.

Орындау керек: Әр жазудан кейін қалдық шығару керек.

№3 Тапсырма.

Мақсаты: Түгендеу нәтижелері бойынша тауарлық-материалдық құндылықтардың түгендеу тізімдемесі мен салыстыру ведомостін толтырыңыз

Берілгені: 18.03.2018 № 54 бұйрықтың негізінде "Луч" ЖШС № 3 қоймасында ТМҚ жоспарлы түгендеу жүргізілді. Түгендеу жүргізудің басталу күні-18.09.2018, түгендеудің аяқталу күні-19.09.2018. Комиссия

дайын бұйымдарға түгендеу жүргізді және нысаны төменде келтірілген түгендеу тізімдемесін жасады.

Материалдық жауапты тұлға Б. Д. Дастанов болып табылады.

Комиссия төрағасы-директордың орынбасары Оспанов Р. И., комиссия мүшелері: бас маман бухгалтер Боброва И. О., экономист Жакупова Е. С.

Тізімдемедегі деректер мен есептеулерді бухгалтер М. С. Васнецов тексерді.

Тауар-материалдық құндылықтардың тізімі:

ТМҚ		Өлшем бірлігі	Бағасы тг	Нақты болуын тексеру кезінде		Бухгалтерлік есеп деректері бойынша	
Атауы, түрі, сұрпы	Номенклатуралық коды			Саны	Сомасы	Саны	Сомасы
Көйлек	055600	дана	15 000	37		24	
Бас киім	055601	дана	13 000	29		42	
Костюм	055602	дана	24 500	28		28	
Юбка	055603	дана	14 000	38		38	
Жемпір	055604	дана	12 000	56		55	
Пальто	055605	дана	32 500	62		63	
Барлығы							

Тапсырма: осы мәліметтер негізінде тауарлық-материалдық құндылықтардың түгендеу тізімдемесі мен салыстыру ведомосін толтырыңыз.

Құжаттарды келесі сілтеме бойынша жүктеп алыңыз:

Құжат атауы	Сілтеме:
тауарлық-материалдық құндылықтардың түгендеу тізімдемесі	https://cloud.mail.ru/public/j3KD/XvdWL6EMk
салыстыру ведомосі	https://cloud.mail.ru/public/8g4b/cHAodaXFe

Мысал:

Мақсаты: ТМҚ қайта бағалау әдістерімен танысу.

Берілгені:

Күні	Цемент				Бензин А-95			
	Кіріс			Шығыс	Кіріс			Шығыс
	Саны, Тонна	1 т бағасы	Сомасы, Тенге	Саны, Тонна	Саны, литр	1 л бағасы	Сомасы, Тенге	Саны, литр
Ай басы	20	3000	60000		100	45	4500	
Кіріс								
Шығыс								
02.01.02	10	3100	31000	15				50

05.01.02	2	3200	32000		300	46	13800	
11.01.02				10				150
20.01.02	17	3400	57800		500	45	22500	
25.01.02				12				300
27.01.02	19	3400	64600					100
28.01.02								100
29.01.02					200	47	9400	100
Жиыны								
Кіріс	48	-	159800	37	1000	-	45700	800
Шығыс								
Барлығы: Қалдық пен кіріс	68	-	219800	*	1100	-	50200	*
Ай соңына қалдығы	31		*		300		*	

1) **Орташа өлшенген күн әдісі** . бұл әдіс кезінде материалдық қорлардың құны – ай басындағы қалдық құнына ай бойында келіп түскен құндылықтарын қосып есептелінген орташа бағасы түсіндіріледі.

Орташа күн = $\sum \text{м.к.} + \sum \text{алын.} / \text{Км.к.} + \text{К алын.}$

Мұндағы:

$\sum \text{м.к.}$ – есептік кезеңнің басындағы қалған материалдардың қалдық құны

$\sum \text{алын}$ – есептік кезеңнің басындағы қалған материалдардың қалдық саны

Км.к – алынған материалдардың құны

К алын. - алынған материалдардың саны

Мысал бойынша бензиннің орташа өлшенген құнын шығарамыз

$4500 + 13800 + 22500 + 9400 / 100 + 300 + 500 + 200 = 50200 / 1100 = 45,63$ тенге

Жұмсалған бензиннің құны $45,63 * (50 + 150 + 300 + 100 + 100 + 100) = 36504$ тенге

Қалдық құны $300 * 45,63 = 13696$ тенге

2) **ФИФО әдісі** – қорларды алғашқы сатып алу бағалары бойынша бағалау әдісі

Шығыс құны: $4500 + 45700 - 13900 = 36300$

50 л. * 45 тенге = 22500 тенге

150 л. * (50 л. * 45 тенге, 100 л. * 46 тенге) = 6850 тенге

300 л. * (200 л. * 46 тенге, 100 л. * 45 тенге) = 13700 тенге

100 л. * 45 тенге = 4500 тенге

100 л. * 45 тенге = 4500 тенге

100 л. * 45 тенге = 4500 тенге

Шығыс жиынтығы 36300 тенге

3) **ЛИФО әдісі**- запастарды саңғы сатып алынғандардың бағасы бойынша бағалау әдісі.

50 л. * 47 тенге = 2350 тенге

150 л. * 47 тенге = 7050 тенге

300 л. 45 тенге = 13500 тенге

100 * 45 тенге = 4500 тенге

100 л. * 45 тенге = 4500 тенге

100 л. 46 тенге = 4600 тенге

Шығыс жиынтығы 36500тенге

4) Арнайы идентификациялау әдісі. Бұл әдіс запастардың партиялық есепбін дәл ұйысдастыру мүмкіндігі болған жағдайда қолданады.

Қалдықтың қалған 50л * 45тенге = 2250 тенге

05.01.02 келіп түскеннен 150 * 46 = 6900

20.01.02 келіп түскеннен 300*45 = 13500

20.01.02 келіп түскеннен 100 * 45 = 4500

20.01.02 келіп түскеннен 100 * 45 = 4500

05.01.02 келіп түскеннен 100 * 46 = 4600

Шығыс жиыны 36250 тенге

Бензиннің қалдығынан қалғаны:

Бастапқы қалдығы 50*45 = 2250

05.01.02 келіп түскеннен 50*46 = 2300

29.01.02 келіп түскеннен 200 * 47 = 9400

Ай соңында қалған бензиннің құны 13950 тенге

Ал енді осы әдістерді салыстырып көрейік:

Көрсеткіштер	Орташа өлшенге құндық әдісі	ФИФО әдісі	ЛИФО әдісі	Арнайы идентиф. әдісі
1	2	3	4	5
Бензин А-95				
Запастардың шығысы:				
Бірлік саны	800	800	800	800
Құны, тенге	36504	36300	36500	36250
Запастардың ай соңында қалған қалдығы				
Бірлік саны	300	300	300	300
Құны, тенге	13696	13900	13700	13950

№4 Тапсырма

Мақсаты ТМҚ қайта бағалау әдістерін қолдану

Берілгені: 2019 жылғы ақпанда кәсіпорында "Айзат" материалдарының қозғалысы мынадай деректермен сипатталады:

✓ 1 ақпанға қоймадағы материалдар қалдығы – 100 тонна 4,0 мың тнғ.бағасы 1 тонна үшін.

✓ 09 ақпанда өнім берушіден (1-ші партия) – 5,0 мың тнғ бағасымен 200 тонна түсті.

✓ 11 Ақпанда өндіріске-150 тонна жіберілді.

✓ 20 ақпанда жеткізушіден (2-ші партия) – 3,0 мың тнғ бағасымен 160 тонна түсті. (тонна үшін.)

✓ 22 ақпанда өндіріске 160 тонна жіберілді.

✓ 26 ақпанда өнім берушіден (3-ші партия) – 3,5 мың тнғ бағасымен 40 тонна түсті. (тонна үшін.)

Алынған нәтижелерді салыстырыңыз және түсіндіріңіз. Шешімді келесі нысанның кестесінде ұсыну қажет.

Материалдық шығындарды бағалау әдісімен (ФИФО, ЛИФО және орташа өлшенген өзіндік құн әдісімен)

Көрсеткіштер Операцияның күні және мазмұны	Кіріс			Шығын			Қалдық		
	саны, т	құны, мың. тнг.	Сомас ы, мың. тнг.	саны, т	құны, мың. тнг.	Сомас ы, мың. тнг.	саны, т	құны, мың. тнг.	Сомас ы, мың. тнг.

Есептің шешімі:

Материалдық шығындарды орташа өлшенген өзіндік құн әдісімен бағалау

Көрсеткіштер Операцияның күні және мазмұны	Кіріс			Шығын			Қалдық		
	саны, т	құны, мың. тнг.	Сомасы, мың. тнг.	саны, т	құны, мың. тнг.	Сомасы, мың. тнг.	саны, т	құны, мың. тнг.	Сомма, тыс. тнг.
1 ақпан Ай басына қалдық							100	4,0	400
09 ақпан Келіп түсті (1-я партия)	200	5,0	1000				300	4,667	1400
11 ақпан Өндіріске жіберілді 150 тонн				150	4,667	700	150	4,667	700
20 ақпан Келіп түсті (2-я партия)	160	3,0	480				310	3,806	1180
22 ақпан Өндіріске жіберілді 160 тонн				160	3,806	609	150	3,806	571
26 ақпан Келіп түсті (3-я партия)	40	3,5	140				190	3,742	711
28 ақпан Ай соғына қалдық									

Материалдық шығындарды ФИФО әдісімен бағалау

Көрсеткіштер Операцияның күні және мазмұны	Кіріс			Шығын			Қалдық		
	саны, т	құны, мың. тнг.	Сомас ы, мың. тнг.	саны, т	құны, мың. тнг.	Сомас ы, мың. тнг.	саны, т	құны, мың. тнг.	Сомас ы, мың. тнг.

			тнғ.			тнғ.			тнғ.
1 ақпан Ай басына қалдық							100	4,0	400
09 ақпан Келіп түсті (1-я партия)	200	5,0	1000				100 200 300	4,0 5,0	400 1000 1400
11 ақпан Өндіріске жіберілді 150 тонн				100 50 150	4,0 5,0	400 250 650	150	5,0	750
20 ақпан Келіп түсті (2-я партия)	160	3,0	480				150 160 310	5,0 3,0	750 480 1230
22 ақпан Өндіріске жіберілді 160 тонн				150 10 160	5,0 3,0	750 30 780	150	3,0	450
26 ақпан Келіп түсті (3-я партия)	40	3,5	140				150 40 190	3,0 3,5	450 140 590
28 ақпан Ай соғына қалдық							190	-	590

Материалдық шығындарды ЛИФО әдісімен бағалау

Көрсеткіштер Операцияның күні және мазмұны	Кіріс			Шығын			Қалдық		
	саны, т	құны, мың. тнғ.	Сомас ы, мың. тнғ.	саны, т	құны, мың. тнғ.	Сомас ы, мың. тнғ.	саны, т	құны, мың. тнғ.	Сомас ы, мың. тнғ.
1 ақпан Ай басына қалдық							100	4,0	400
09 ақпан Келіп түсті (1-я партия)	200	5,0	1000				100 200 300	4,0 5,0	400 1000 1400
11 ақпан Өндіріске жіберілді 150 тонн				150	5,0	750	100 50 150	4,0 5,0	400 250 650
20 ақпан Келіп түсті (2-я партия)	160	3,0	480				100 50 160 310	4,0 5,0 3,0	400 250 480 1130
22 ақпан Өндіріске жіберілді 160 тонн				160	3,0	480	100 50 150	4,0 5,0	400 250 650
26 ақпан Келіп түсті (3-я партия)	40	3,5	140				100 50 40 190	4,0 5,0 3,5	400 250 140 790

28 ақпан Ай соғына қалдық	
------------------------------	--

Материалдарды бағалаудың әртүрлі әдістерін қолдану нәтижелерін салыстыру

Бағалау әдістері	Материалдық шығындар, мың. тнг.	Құндық мәндегі кезең соңындағы материалдардың қалдықтары, мың. тнг.
орташа өлшенген өзіндік күн әдісімен	1309	711
ФИФО	1430 → макс	590 → мин
ЛИФО	1230	790

№5 Тапсырма.

Дайын өнімді кіріске алу және өнімді өндіруге арналған материалдарды есептен шығару бойынша шаруашылық операциялар мазмұнына шоттар корреспонденциясын жасаңыз.

№	Шаруашылық операциялар мазмұны	Дебет	Кредит
1.	Жеткізушілерден шикізат пен материалдар сатып алу: - шарттық құнына - ҚҚС сомасына		
2.	Құрылтайшылардың жарғылық капиталға салымдары түріндегі шикізат пен материалдардың түсімі		
3.	Шикізат материалдарын табиғи кему нормалары шегінде есептен шығару		
	Дайын өнімді кіріске алу:		
4.	- негізгі өндіріс		
5.	- қосалқы өндірістер		
6.	Сатылған дайын өнімнің өзіндік құнын есептен шығару		
7.	Жеткізушілерден тауарларды сатып алу: - шарттық құнына - ҚҚС сомасына		
	Есепті кезеңнің соңында дайын өнімді өндіруге байланысты шығындарды аяқталмаған өндіріске жатқызу:		
8.	- негізгі өндіріс		
9.	- қосалқы өндірістер		
	Өнімді өндіруге, жұмыстарды орындауға, қызметтерді көрсетуге арналған материалдарды есептен шығару:		
10.	- негізгі өндіріс		
11.	- қосалқы өндірістер		
	Аяқталмаған құрылыс құнына материалдарды есептен шығару		
12.	Баланстық құны мөлшерінде компанияның шығындарына қорларды есептен шығару		
13.	Өнімді өткізуге байланысты операциялар бойынша материалдарды есептен шығару		
14.	Негізгі құралдар объектілерін күрделі жөндеуге (жаңғыртуға, реконструкциялауға) байланысты операциялар бойынша материалдарды есептен шығару		

15.	Қорларды әкімшілік мақсаттарға есептен шығару		
	Нормативтен тыс ысыраптарды, қорлардың бүлінуі мен кем шығуын есептен шығару:		
16.	- кінәлі тұлғалар анықталған жоқ;		
17.	- кінәлі тұлғалар анықталды.		
18.	Қорларды өтеусіз беру		
19.	Қызметті тоқтату нәтижесінде қорларды есептен шығару		
20.	Егер күрделі шығындарға жатпайтын болса, өндіруші салаларда дайындық жұмыстарын жүргізуге арналған қорларды есептен шығару		
21.	Өтімсіз қорлар бойынша резерв құру		

Есептің шешімі:

№	Шаруашылық операциялар мазмұны	Дебет	Кредит
1.	Жеткізушілерден шикізат пен материалдар сатып алу: - шарттық құнына - ҚҚС сомасына	1310 1420	3310 3310
2.	Құрылтайшылардың жарғылық капиталға салымдары түріндегі шикізат пен материалдардың түсімі	1310	5110
3.	Шикізат материалдарын табиғи кему нормалары шегінде есептен шығару	7210	1310
	Дайын өнімді кіріске алу:		
4.	- негізгі өндіріс	1320	8110
5.	- қосалқы өндірістер	1320	8310
6.	Сатылған дайын өнімнің өзіндік құнын есептен шығару	7010	1320
7.	Жеткізушілерден тауарларды сатып алу: - шарттық құнына - ҚҚС сомасына	1330 1420	3310 3310
	Есепті кезеңнің соңында дайын өнімді өндіруге байланысты шығындарды аяқталмаған өндіріске жатқызу:		
8.	- негізгі өндіріс	1340	8110
9.	- қосалқы өндірістер	1340	8310
	Өнімді өндіруге, жұмыстарды орындауға, қызметтерді көрсетуге арналған материалдарды есептен шығару:		
10.	- негізгі өндіріс	8110	1310,1350
11.	- қосалқы өндірістер	8310	1310,1350
	Аяқталмаған құрылыс құнына материалдарды есептен шығару	2930	1310,1350
12.	Баланстық құны мөлшерінде компанияның шығындарына қорларды есептен шығару	7480	1310,1350
13.	Өнімді өткізуге байланысты операциялар бойынша материалдарды есептен шығару	7110	1310,1350
14.	Негізгі құралдар объектілерін күрделі жөндеуге (жаңғыртуға, реконструкциялауға) байланысты операциялар бойынша материалдарды есептен шығару	2930	1310,1350
15.	Қорларды әкімшілік мақсаттарға есептен шығару	7210	1310,1350
	Нормативтен тыс ысыраптарды, қорлардың бүлінуі мен кем шығуын есептен шығару:		
16.	- кінәлі тұлғалар анықталған жоқ;	7480	1310,1350
17.	- кінәлі тұлғалар анықталды.	1250	1310,1350

18.	Қорларды өтеусіз беру	7480	1310,1350
19.	Қызметті тоқтату нәтижесінде қорларды есептен шығару	7510	1310,1350
20.	Егер күрделі шығындарға жатпайтын болса, өндіруші салаларда дайындық жұмыстарын жүргізуге арналған қорларды есептен шығару	1720	1310, 1350
21.	Өтімсіз қорлар бойынша резерв құру	1360	1310, 1330, 1320

№5 Тапсырма. Тауарды есепке алу бойынша шаруашылық операциялар мазмұнына шоттар корреспонденциясын жасаңыз.

№	Шаруашылық операциялар мазмұны	Дебет	Кредит
1.	Жеткізушілерден өзіндік құны бойынша кіріске алынған тауарлар:		
2.	Сауда бөлімдеріне сатуға тауарлар берілді:		
3.	Өткізу үшін берілген тауарлар бойынша сауда үстеме бағасы көрсетілген		
4.	Сатуға арналған тауарлар бойынша сауда үстеме бағасы көрсетілген		
	Тауарларға бөлшек сауда бағасын ұлғайту:		
5.	- тауарлардың бөлшек сауда бағасын ҚҚС-сыз арттыру;		
6.	- ҚҚС сомасына		
7.	Сатылған тауарлардың өзіндік құны есептен шығарылды		
	Қайтарылатын ыдысты есепке алу Жеткізушілерден кіріске алынды:		
8.	- материалдар,		
9.	- ыдыс (жеткізушіге оны қайтару шартымен)		
10.	Көп айналымды ыдыс жеткізушіге қайтарылды		
11.	Жеткізушіге көп айналымды ыдыстың кепілдік бағасы төленді		
12.	Жеткізуші көп айналымды ыдыстың кепілдік бағасын қайтарды		

Есептің шешімі:

№	Шаруашылық операциялар мазмұны	Дебет	Кредит
1.	Жеткізушілерден өзіндік құны бойынша кіріске алынған тауарлар:	1331 "Қоймадағы тауарлар"	3310
2.	Сауда бөлімдеріне сатуға тауарлар берілді:	1332 «Сатуға берілген тауарлар"	1331 "Қоймадағы тауарлар"
3.	Өткізу үшін берілген тауарлар бойынша сауда үстеме бағасы көрсетілген	1332 "Өткізу үшін берілген тауарлар"	1333 "тауар бағасындағы сауда үстеме бағасы"
4.	Сатуға арналған тауарлар бойынша сауда үстеме бағасы көрсетілген	1332 "Өткізу үшін берілген тауарлар"	1334 "Тауар бағасындағы ҚҚС"
	Тауарларға бөлшек сауда бағасын ұлғайту:		
5.	- тауарлардың бөлшек сауда бағасын ҚҚС-сыз арттыру;	1332	1333
6.	- ҚҚС сомасына	1332	1334

7.	Сатылған тауарлардың өзіндік құны есептен шығарылды	7010	1332
	Қайтарылатын ыдысты есепке алу Жеткізушілерден кіріске алынды:		
8.	- материалдар,	1310	3310
9.	- ыдыс (жеткізушіге оны қайтару шартымен)	1350	3310
10.	Көп айналымды ыдыс жеткізушіге қайтарылды	3310	1350
11.	Жеткізушіге көп айналымды ыдыстың кепілдік бағасы төленді	1270	1030
12	Жеткізуші көп айналымды ыдыстың кепілдік бағасын қайтарды	1030	1270

№6 Тапсырма. Түгендеу нәтижелерін есепке алу бойынша шаруашылық операциялар мазмұнына шоттар корреспонденциясын жасаңыз.

№	Шаруашылық операциялар мазмұны	Дебет	Кредит
	Дүкендегі тауарларды түгендеу нәтижесінде:		
1.	- табиғи кему нормалары шегінде тауарлардың жетіспеушілігі;		
2.	- табиғи кему нормаларынан тыс;		
3.	- артық ыдыс;		
4.	- тауарларды қайта сұрыптауға;		
5.	- анықталған жетіспеушілік бойынша, залалды қайтару		

Есептің шешімі:

№	Шаруашылық операциялар мазмұны	Дебет	Кредит
	Дүкендегі тауарларды түгендеу нәтижесінде:		
1.	- табиғи кему нормалары шегінде тауарлардың жетіспеушілігі;	7110, 1360	1330
2.	- табиғи кему нормаларынан тыс;	1250	1330
3.	- артық ыдыс;	1330	6290
4.	- тауарларды қайта сұрыптауға;	1330	1330
5.	- анықталған жетіспеушілік бойынша, залалды қайтару	1010, 3350	1250

2.5. Еңбек және оның төлемақысының есебі

№1 Тапсырма. Жұмыс уақытын есепке алу табелін толтыру

(Сілтеме: <https://cloud.mail.ru/public/traZ/XptcWBbx>)

Берілгені:

Наурыз айына №1 бөлімшесінің (БИН – 750104500836) қызметкерлеріне жұмыс уақытын есепке алу табелін ресімдеңіз.

- Айткалиев Иванов А. И.-цех бастығы, толық ай жұмыс істеді
- Бектасова С. М. – 1 мен 9 наурыз аурып жатты, 12.03 – жүктеме 9 сағат
- Жунусов Т. А.-16 наурыздан-демалыс.
- Коннев С. Р.-4 толық ай жұмыс істеді
- Садуов О. Б. толық ай жұмыс істеді, 20.03 – 10 сағат.
- Насырова О. Л.-реттеуші, 0,5 ставкаға жұмыс істейді, толық ай жұмыс істеді

Бухгалтер: Асанова Т.А, Басшы- Байганов Р.Н

Орындау керек:
Жұмыс күні толық – 8 сағат, 5 күндік апта.

№2 Тапсырма.

Мақсаты: кесімді еңбекақы түрінде еңбекақы төлеуді есептеу тәртібін меңгеру.

Берілгені: Кесімді-сыйақылы нысанында негізгі өндіріс жұмысшысы еңбекақысын есептеңіз, егер оған орнатылған жоспарлы тапсырма – 180 бірлік, нақты өндірілді – 187 бірлік., бірлігі үшін бағасы – 500 теңге, сыйақы – 10%. Шаруашылық операциялар бойынша шоттар корреспонденциясын көрсетіңіз

Есеп шешімі:

Жоспарлы	Нақты
$180 \cdot 500 = 90000$ еңбекақы	$187 \cdot 500 = 93500$ еңбекақы
$90000 + 10\% = 99000$ сыйақы	$93500 + 10\% = 102850$ сыйақы
Ұсталымдар	Ұсталымдар
$99000 - (10\%(\text{зейнетақы қоры}) + 2\% \text{ МӘМС}) \text{ ЕТЖ (42500)} - 10\% (\text{ЖТС}) + \text{ЕТЖ (42500)} = 2658$	$102850 - (10\%(\text{зейнетақы қоры}) + 2\% \text{ МӘМС}) - \text{ЕТЖ (42500)} - 10\% (\text{ЖТС}) + \text{ЕТЖ (42500)} = 85707,2$

Шоттар корреспонденциясы

Негізгі өндіріс жұмысшына еңбекақы есептелінді	8112	3350
Жеке табыс салығын ұстау	3120	3350
Зейнеткерлік жинақтау қорына міндетті түрде аудару үшін ұсталған зейнеткерлік жарналар	3220	3350

№3 Тапсырма.

Қызметкер ұйымға 18 ақпан 2019 жылы жұмысқа орналасты. Менеджердің лауазымдық жалақысы еңбек мөлшері 200 000 теңге. Жұмыс режимі – бес күндік жұмыс аптасы.

Өндірістік күнтізбе бойынша бес күндік жұмыс аптасы кезінде ақпан айында – 20 жұмыс күні.

2019 жылғы 18-28 ақпан аралығында 9 жұмыс күнінен келеді.

Табу керек:

- Қызметкердің ақпан айына нақты еңбекақсын анықтаңыз. (жай мерзімдік еңбекақы жүйесі бойынша)

- Шоттар корреспонденциясын жазыңыз

Есеп шешімі:

- менеджердің күндізгі жалақысы:

$200\ 000 \text{ теңге} / 20 \text{ жұмыс күні} = 10\ 000 \text{ теңге};$

– жалақы нақты жұмыс істеген уақыты үшін ақпан айында:

$10\ 000 \text{ теңге} \times 9 \text{ жұмыс күн} = 90\ 000 \text{ теңге}.$

90000- (МЗЖ 10%+ МӘМС 2%) - ЕТЖ (42500)-ЖТС(10%)+ ЕТЖ (42500)=
75530 теңге (қолына алатын жалақы)

Д-т 7210 К-т 3350

№4 Тапсырма.

Кондитерлік фабрикада үш адамнан тұратын слесарь бригадасы 4 жұмыс күні ішінде вафли жасау бойынша істен шыққан желіні жөндеуге тапсырма берді. Жұмыстың жалпы құны-180 мың теңге

Бригаданың 4 күн ішіндегі жұмыс істеген уақытының жалпы саны 82 сағатты құрайды, оның ішінде:

- 1-ші слесарь 30 сағат жұмыс істеді;
- 2-ші слесарь 24 сағат жұмыс істеді;
- 3-ші слесарь 28 сағат жұмыс істеді.

Табу керек:

- Еңбекақыны тікелей жұмыс істелген уақытқа пропорционалды есептеу керек. (еңбек ақы төлеудің аккордтық жүйесі)

- шоттар корреспонденциясын жазыңыз

Есеп шешімі:

Әрбір қызметкерге жөндеу жұмыстары аяқталған соң мынадай есептеу болады:

* бірінші слесарь үшін: $18\ 0000\ \text{теңге} / 82\ \text{сағ.} \times 30\ \text{сағ.} = 65850\ \text{теңге}$

* екінші слесарь үшін: $18\ 0000\ \text{теңге} / 82\ \text{сағ.} \times 24\ \text{сағ.} = 52680\ \text{теңге}$

* үшінші слесарь үшін: $18\ 0000\ \text{теңге} / 82\ \text{сағ.} \times 28\ \text{сағ.} = 61470\ \text{теңге}$

Д-т 8110 К-т 3350

№5 Тапсырма. Берілген мәліметтерді қолдану арқылы келесі кестені толтырыңыз

№	Қызметкерлер	Айлығы (оклад)	МЗЖ 10%	МӘМС 2 %	ЖТС 10%	Қолына еңбекақысы
1.	Әуелбеков Сакен Болатович	200000				
2.	Әділханова Айжан Мартқызы	170000				
3.	Білісбаева Нурлан Архатұлы	150000				
4.	Жумабекова Жанерке Жумабековна	130000				
5.	Каримжанова Асем Асқарқызы	130000				
6.	Долдабаев Руслан Қаділұлы	110000				
7.	Нурсейтова Алуа Армияқызы	105000				

Табу керек:

- Қызметкердің мамыр айына міндетті ұсталымдарын тауып, нақты еңбекақсын анықтаңыз

Есеп шешімі:

№	Қызметкерлер	Айлығы (оклад)	Есептелінген сыйақы	Зейнетақы қорына 10%	МӘМС 2%	ЖТС 10%	Қосымша міндетті ұсталым	Қолына алатыны
1.	Бралинов Д.М	200 000	40000	24000	4800	16870	-	194330
2.	Жақсылық А.Е	150 000	15000	16500	3300	10270	-	134930
3.	Сақтаганов А.Т	130 000	13000	14300	2860	8334	-	117506
4.	Кужаниязов Ж.Т	110 000	11000	12100	2420	6398	-	100082
5.	Тортай Ф.А	110 000	11000	12100	2420	6398	-	100082
6.	Тюлегенбаева Г.О	110 000	11000	12100	2420	6398	-	100082
7.	Желеуова А.Б	100 000	-	10000	2000	4550	-	83450

2.6. Өндіріс шығындарының есебі және өнімнің өзіндік құнының калькуляциясы

7000 - "Шығыстр" және 8100 «Негізгі өндіріс» есепке алуға арналған шоттар

7-бөлім "Шығыстар"

